

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖИЕНКОЖАЕВ БУРКИТБАЙ МАРАТОВИЧ

Қылмыстық қудалауды жалғастыру мәселелері
(«Байқоңыр» кешенінің аумағында)

7М12303 «Құқық қорғау қызметі» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
институты Арнайы заң пәндері
кафедрасының аға оқытушысы
М.Е. Тулеуова, құқық магистрі,
әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2024 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық жұмыс «Байқоңыр» кешенінің аумағында Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерге қатысты қылмыстық қудалауды жалғастырудың теориялық және практикалық аспектілерін кешенді зерделеуге, сонымен қатар қолданыстағы Мемлекетаралық келісімнің және қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған.

РЕЗЮМЕ

Диссертационная работа направлена на комплексное изучение теоретических и практических аспектов продолжения уголовного преследования по уголовным делам, поступивших от правоохранительных органов Российской Федерации на территории комплекса «Байконур», а также выработку предложений по совершенствованию норм действующего международного соглашения и уголовно-процессуального законодательства.

SUMMARY

The dissertation research is aimed at a comprehensive study of the theoretical and practical aspects of the continuation of criminal prosecution in criminal cases received from law enforcement agencies of the Russian Federation on the territory of the Baikonur complex, as well as the development of proposals to improve the norms of the current international agreement and criminal procedure legislation.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4-12 бет.
1.ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУ МЕН БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
1.1.Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді жинау және бағалау бойынша қалыптасқан теориялық негіздер.....	13-23 бет.
1.2.Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді жинау және бағалау ерекшеліктері.....	23-40 бет.
2.ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҮКІМЕТТЕРІ АРАСЫНДА ЖАСАЛҒАН «БАЙҚОҢЫР» КЕШЕНІНІҢ АУМАҒЫНДА ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ТАЛАПТАРЫ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	
2.1.«Байқоңыр» кешенінің аумағына арналған Мемлекетаралық келісімнің ұлттық қылмыстық-процестік заңмен арақатынасы.....	41-55 бет.
2.2.Ерекше жағдайларда «айғақтарды сақтауға қою» перспективалары.....	55-73 бет.
ҚОРЫТЫНДЫ.....	74-82 бет.
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	83-93 бет.
ҚОСЫМШАЛАР.....	94-96 бет.

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. «1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) Үкіметі мен Ресей Федерациясының (бұдан әрі - РФ) Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісім (бұдан әрі – Мемлекетаралық келісім) құқық қорғау органдары арасындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестегі байланыстарды реттейді» [1].

Дегенмен, «Мемлекетаралық келісім де құқық қорғау органдарының әрекеті процестік тұрғыда анық түрде белгіленбеген, тек бір елдің бастаған процестік әрекеттерін екінші ел жалғастыратындығы көрсетілген» [2].

Нақты айтқанда, «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыс жасаған адам анықталған жағдайда РФ құқық қорғау органдары алдын ала тергеу не анықтау шеңберінде қажетті іс жүргізу әрекеттерін жүргізгеннен кейін қылмыстық істер мен материалдарды, сондай-ақ тиісті адамдарды юрисдикциялық қатыстылығына байланысты прокуратура органдары арқылы ҚР құқық қорғау органдарына береді.

РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді жалғастыруға материалдық база болып табылатын «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі - ҚР ҚПК) республика аумағында қылмыс жасаған, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған, бірақ елде жүрген ҚР азаматтарына, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылады» [2].

Десек те, отандық ҚПК-нің нормалары жалға берілген аймақтағы қоғамдық қатынастарды толыққанды реттеуге дәрменсіз, өйткені Байқоңыр қаласы жалға алу жағдайында жұмыс істейтін ҚР әкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылады және жалға алынған кезеңде РФ қатынасында азаматтардың тұру жағдайы айрықша тәртіпті РФ федеральдық маңызы бар қаласына сәйкес мәртебе берілген» [3]. Осымен байланысты тәжірибеде заң нормаларын

қолдануда шешімі нормативтік реттелуді қажет ететін бірқатар мәселелер кездеседі.

Тоқталар болсақ, «әдебиеттерде процесік әрекеттер қылмыстық-процестік заңнамаларда белгіленбесе, олардың заңдылығын және негізділігін қарастыруға жол берілмейтіндігі көрсетілген» [4; 5].

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 1-бабына сәйкес қылмыстық-процестік құқықтың құрамдас бөлігі болып табылатын «ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» №4 Нормативтік қаулысының 21-тармағында «Қылмыстық қудалау органының қызметкері заңда белгіленбеген тәртіппен алған материалдар (заңнамада белгіленген талаптарды бұза отырып, өз бетінше жасырын аудио-, бейнежазбаны жүргізу және т.б.) іс материалдарына қоса тігілуі және жол берілетін дәлелдемелер деп танылуы мүмкін емес» [6].

Демек, Мемлекетаралық келісімнің талаптарын жүзеге асыруда ұлттық қылмыстық-процестік заңнама оны толыққанды қамтамасыз ете алмайтындығын көруге болады.

Осы ретте ескеретін жайт, ««Байқоңыр» ғарыш аумағы аспан әлемін меңгерудегі әлемдік аренада мемлекеттердің достастығы мен халықтардың бірлігін көрсететін тарихи, саяси және геостратегиялық бірегей аймақ болып табылады» [2]. Сондықтан әлемнің назарын аудартып отырған аймақта адам құқықтарын нормативтік құқықтық қорғау механизмдері де өз дәрежесінде болуы қажет.

Алайда, бұл аймақта әрекет ететін РФ мен ҚР құқық қорғау органдарының дәлелдемелерді жинау бойынша процесік нормаларды қолдануда әртүрлі тәжірибелер мен заңнамалық базалар болуына байланысты қылмыстық қудалау орбитасына түскен адамдардың сарсаңға салынуы және олардың құқықтарын қай елдің заңнамасымен қорғауды анықтау осы тақырыпты зерделеуді өзектендіреді.

Сонымен қатар, «дүниежүзілік тарихта «Байқоңыр» ғарыш аумағына ұқсас бір мемлекеттің екінші мемлекетке ең қуатты жоғары технологиялы елді мекендерді жалға беру және сол аймақта қылмыстық қудалау орбитасына түскен азаматтардың құқықтық жағдайларына қатысты тәжірибе болмауына байланысты» [2] зерттеу жұмыстарын жүргізу маңызды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді жалғастыруға қатысты дәлелдемелерді жинау және бағалау бойынша қолданыстағы Мемлекетаралық келісімнің және қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар талап етіледі.

Шешілетін ғылыми проблеманың немесе практикалық міндеттердің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Зерттеу тақырыбы, оның ішінде «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыру мәселелері бойынша Қазақстанда дара жүргізілген ғылыми зерттеулер жоқ.

Осы себептен, зерттеу барысында «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалау орбитасына түскен тұлғалардың субъективтік құқықтарының қорғалу механизмдері, сондай-ақ қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін ерекше жағдайларда «айғақтарды сақтауға қою» перспективалары анықталып, ұсыныстар қарастырылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді жалғастыруға қатысты дәлелдемелерді жинау және бағалауда қолданыстағы Мемлекетаралық келісімнің және қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер шешіледі:

- РФ және ҚР қылмыстық істерді тергеудегі дәлелдемелерді жинау мен бағалау тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу;
- РФ құқық қорғау органдары жолдаған қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруы барысында дәлелдемелерді жинау мен

бағалауға қатысты туындайтын теориялық және практикалық мәселелерді анықтау;

- «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді жалғастыруда анықталған мәселелерді ескере отырып, қолданыстағы Мемлекетаралық келісімнің және қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді жалғастырудағы ҚР құқық қорғау органдарының қызметі болып табылады.

Зерттеу пәні РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерге қатысты дәлелдемелерді жинау және бағалау бойынша құқықтық реттеу нормалардан, құқық қолдану практикасынан, сондай-ақ ғылыми зерттеулерден тұрады.

Зерттеу жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Жалпы ғылыми (индукция мен дедукция, талдау мен синтез, абстрактілеу мен нақтылау, аналогия, эмпирика), жеке ғылыми (салыстырмалы-құқықтық, казуистика) және арнайы (тарихи-құқықтық және құқықтық герменевтика) таным әдістерінің жиынтығы құрайды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Зерттеудің жаңалығы ерекше жағдайларда «айғақтарды сақтауға қою» перспективаларын жан-жақты қарастырудан тұрады. Бұның нәтижелері Қазақстанның қылмыстық-процестік теориясын тереңдете түседі.

Қазіргі заманғы ғылым және практика үшін маңызы мен жаңалығы – қолданыстағы Мемлекетаралық келісімнің орындалуын және «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жүргізу кезінде тергеліп жатқан тұлғалардың субъективтік құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді ғылыми тұрғыдан ұғыну. Зерттеудің теориялық негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерімен қамтамасыз етілген.

Қорғауға шығарылатын ережелер. Диссертациялық жұмыстың аясында келесі ережелер ұсынылады:

1) Ұлттық заң нормаларында қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау бойынша негізгі конвенциялық институттар барынша қамтылған.

Десек те, «Байқоңыр» кешенінің аумағында ҚР ҚПК-де көрініс тапқан қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау бойынша нормаларды қолдану мүмкіндігі шектелген. Бұл кедергілерді жою үшін заңның тұлғалар арасында әрекетіне қатысты ұлттық заңнаманың нормасына өзгерістер енгізу қажет. Осыған байланысты ҚР ҚПК-нің 6-бабында:

- 3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. «Байқоңыр» кешенінің аумағында сот ісін жүргізудің ерекшеліктері осы Кодекстің 61-1-тарауына сәйкес айқындалады.».

121-баптың 1-бөлігі «бойынша» деген сөзден кейін «немесе ерекше жағдайда 61-1-тарауды басшылыққа алу негізінде» деген сөздермен толықтырылсын.

61-1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«61-1-тарау. «Байқоңыр» кешенінің аумағында Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалауды жалғастыру».

600-1-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыру кезінде Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары өз елінің заңнамасына сәйкес оқиға орнын, жергілікті жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде табылған тінту, алу, тергеу экспериментінің аудио- және (немесе) бейнебақылаулары, сондай-ақ басқа тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі

бойынша ұйымдар және азаматтар ұсынған нәрселер осы Кодекстің 220-бабының қағидалары бойынша қарап-тексерілуге жатады.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. «Байқоңыр» кешенінің аумағында ресейлік құқық қорғау органдары жүргізіп жатқан тергеу әрекеттері кезінде өзара келісім негізінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қылмыстық істер бойынша айғақтарға қарап-тексеру жүргізіп, нәтижелерін сақтауға қоюға құқылы.».

3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары жүргізген тергеу әрекеттері нәтижесінде табылған және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен қарап-тексерілген айғақтар осы Кодекстің 118-бабының қағидаларында көрсетілген жағдайларда заттай дәлелдемелер деп танылады.».

2) Қазақстан заңнамасында құқықтар мен бостандықтарды сот арқылы қорғауды әділ және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңнамалық кепілдіктер бар.

Бұндай кепілдіктердің бірі болып қылмыстық істердің заңмен бекітілген соттылығы бойынша қаралуы танылады. Десек те, отандық қылмыстық-процестік құқығында анықталған соттылықтың түрлерінің (тектік (пәндік), аумақтық, дербес, балама (жағдайларға қатысты) ішінде жалға берілген аумақта орын алған қылмыстарға қатысты соттылық айқындалмаған.

Осы себептен, қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтарын толыққанды жүзеге асыру үшін ҚПК-де соттылықтың уақытша-аумақтық ұғымын айқындау арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет деп ойлаймыз.

Нақтылағанда, 600-2-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Байқоңыр қалалық соты бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет етеді және «Байқоңыр» кешенінде, Қармақшы ауданының Төретам, Ақай ауылдық округтарының аумағында орын алған барлық қылмыстық істер, егер олардың

соттылығы осы Кодексте көзделген жағдайларда өзгертілмеген болса, осы соттың соттылығына жатады.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер қылмыстық құқық бұзушылық «Байқоңыр» кешенінің аумағында басталып, басқа соттың қызметі жерінде аяқталса, істі тергеп-тексеру аяқталған жерінің соттылығына қарамастан, Байқоңыр қалалық сотының соттылығына жатады.».

3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілгендерді қоспағанда, соттылық туралы мәселе жалпы тәртіпте реттеледі.».

3) Тәжірибеде ҚР ҚПК-нің 4-бабы (*ҚР аумағында шет мемлекеттің қылмыстық-процестік құқығын қолдану*) толыққанды жүзеге асырылмауы және «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда күдіктілер тарапынан туындаған күмәнді, даулы мәселелердің көп жағдайда шешімінің таппауы РФ құқық қорғау органдарының жүргізген күттірмейтін тергеу әрекеттерінің аудио- және (немесе) бейнебақылауға түсірілмеу себебінен орын алуда. Осындай күмәнді, даулы мәселелер заң нормаларына өзгерістер мен толықтарулар енгізу арқылы шешіледі деп ойлаймыз:

Мемлекетаралық келісімнің 5-бабында:

- 1-бөлік «шұғыл» деген сөзден кейін «аудио- және (немесе) бейнебақылауға түсіру арқылы» деген сөзімен толықтырылсын;

- 3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қылмыс жасаған адам анықталмаған жағдайда Тараптардың құзыретті органдары қылмыстың іздерін бекіту, оны жасаған адамды анықтау және ұстау жөніндегі шараларды бірлесіп айқындайды.».

4) «Байқоңыр» кешенінің аумағына РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруы кезінде уақытша жұмыс істеуге іссапармен келген жәбірленушілер мен куәлардың тұрғылықты жері ҚР аумағынан тыс жерде болуына байланысты

олардан кейіннен ҚР заңнамаларына сәйкес қылмыстық жауаптылықты ескерте отырып іс үшін маңызы бар жауап алу мүмкіндіктерінің шектелуіне қатысты тәжірибеде көптеген проблемалық мәселелер кездеседі.

Бұл мәселені шешу үшін заңнамалық тұрғыдан өзгерістер мен толықтырулар талап етіледі, атап айтқанда Мемлекетаралық келісімнің 2-бабында:

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қажет болған жағдайда Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары кейіннен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен жалғастырылатын өздері тергеп жатқан қылмыстық істер бойынша прокурордың немесе адвокаттың өтінішхаты негізінде куәдан, жәбірленушіден Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес айғақтарды сақтауға қою мақсатында тергеу судьясымен алынатын жауаптардың қамтамасыз етілуіне құқықтық көмек көрсетеді.».

ҚР ҚПК-нің 217-бапта:

1-бөлік «адамнан» деген сөзден кейін ««Байқоңыр» кешенінің аумағындағы Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарымен басталған тергеу әрекеттері» деген сөздермен толықтырылсын;

600-3-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айғақтарды сақтауға қою кезінде іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокат, сондай-ақ жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокат тиісті дәлелді негіздеме болған жағдайда істі қарау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды әртүрлі ұйымдар немесе кәсіпорындардың (соның ішінде «Байқоңыр» кешенінде қызметтің жүзеге асыратын Ресей Федерациясының ұйымдары мен кәсіпорындары) ұсынуына және (немесе) оқиға болған жерді, заттарды, құжаттарды тергеу судьясының қарауына бастамашылық жасап өтінішхат білдіруге құқылы.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген өтінішхат тергеу судьясымен қанағаттандырылған жағдайда меншік нысанына қарамастан, барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы міндетті сот бұйрығы шығарылады.».

Зерттеу кезеңдері, күтілетін нәтижелер және оларды енгізудің болжанатын бағыттары мен апробациялар:

Зерттеу кезеңдерінде диссертацияның негізгі ережелері ғылыми-тәжірибелік конференцияларда:

2023 жылы Ө.С. Сейітовтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда;

2024 жылы «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда;

2024 жылы «Қылмыстық саясатты дамыту теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелеп үстелде;

Сондай-ақ, 2024 жылы «Международный научный журнал академик» ғылыми басылымда жарияланым түрінде жарияланды.

Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу нәтижелері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультетінің оқу процесіне және ғылыми қызметінде пайдалануға ұсынылды.

Диссертациядағы «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді жалғастыруға қатысты дәлелдемелерді жинау мен бағалау бойынша құқық қорғау органдарының тәжірибесін жалпылау негізінде тұжырымдалған ұсыныстар Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен Қызылорда облысы Байқоңыр қаласының прокуратурасы қызметіне енгізілді (қосымша 1).

1 Қазақстан республикасы мен ресей федерациясында қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді жинау мен бағалау мәселелері

1.1 Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді жинау және бағалау бойынша қалыптасқан теориялық негіздер

«Қылмыс – бұл әрқашанда өткен оқиға және сондықтан да оны кез-келген оқиғалар материалдық әлемнің түрлі нысандарында немесе адамдардың санасында қалдыратын іздерді, саусақ іздерін және айқындамаларды зерттеу арқылы ғана тануға болады.

Ал тергеушіні, анықтауды жүргізіп жатқан тұлғаны, прокурорды немесе судьяны қызықтыратын оқиғаларды анықтауға көмектесетін фактілер, мәліметтер белгілі бір жағдайларда сот дәлелдемелеріне айналады» [7, 8-б.].

В.Д. Спасович, «Қандай да бір құбылыстарды мазмұнынан таныған кезде, заттар арасындағы байланыстар мен қатынастардан белгілі тұжырымға келу себебінен туындаған мәліметтерді дәлелдемелер деп қарастырған» [8, 7-б.]

Ал «қылмыстық процеске» әдебиеттерде: «қылмыстық істерді қозғау, тергеп-тексеру, қарау және шешу бойынша заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын қызмет» [9, 19-б.] деп түсіндіріледі.

Қылмыстық іс бойынша шешім қабылдағанда, тұлғалардың кінәлі немесе кінәсіз екендігін заңды түрде дәлелдеу қажет. Осыған байланысты әдебиетте қылмыстық процестің негізгі элементі, өзегі дәлелдеу институты ретінде дұрыс анықталған [10, 7-б.]. Сондай-ақ, дәлелдеу проблемалары диалектикалық сипатта болуымен қатар көптеген сұрақтар шешімін күтетіні сөзсіз.

Нақтылағанда, ҚР ҚПК-де «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдары бастаған қылмыстық қудалауды ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруға қатысты сұрақтар толыққанды қамтылмауына байланысты

қылмыстық процестегі дәлелдеу институтын зерделеу аталған мәселені шешуде бірден-бір құралы болып табылады.

Біздің ойымызша дәлелдеу институтының ең маңызды мәселесін дәлелдемелерді жинау құрайды. «Дәлелдемелерді жинау» термині қылмыстық-процестік заңнамада бұрыннан белгілі, алайда, дәлелдемелерді жинаудың мәнін ғылыми талдау жеткілікті деп санауға болмайды.

Осы себептен, «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдары бастаған қылмыстық қудалауды жалғастыруда дәлелдемелерді жинау проблемаларын зерттеу маңызды болып табылады.

Тәжірибеде дәлелдемелерді жинаумен байланысты қателіктер жиі кездеседі. Ал дәлелдемелерді дұрыс жинамау көбіне кінәлілерді анықтауда қиындықтарға немесе әділетсіз шешімдер қабылдануға әкеп соғады. Біздің ойымызша бұған әсер ететін себептер: заң нормаларының жеткіліксізді, қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың заң нормаларын дұрыс қолданбауы.

Аталған мәселені ғылыми тұрғыда ұғыну үшін дәлелдеу теориясына тоқталған жөн. Қылмыстық процестің әрбір түрі белгілі бір дәлелдеу жүйесімен сипатталады:

- формальды немесе заңды дәлелдеу теориясы;
- дәлелдемелерді ішкі сеніммен еркін бағалау теориясы;
- англо-саксондық дәлелдеу теориясы.

Тоқталар болсақ, «Заңдық дәлелдеу теориясының дамуы келесідей сипатталады:

- 1) заң нормаларында дәлелдеу институттары нақты көрсетілген;
- 2) дәлелдеу тәсілінің шеңбері де заңмен нақты айқындалған;
- 3) әрбір дәлелдеменің күші заңда алдын ала белгіленген және олардың барлығы «жетілген» және «жетілмеген», «толық» және «толық емес» деп бөлінуіне байланысты «логикалық операцияға» айналатын дәлелдемелерді

бағалау (судья оларды пассивті түрде әрқайсысының күш-қуатын бағалап, «механикалық машина» сияқты шешім қабылдауға мәжбүр)» [11, 420-б.].

Ішкі сеніммен дәлелдемелерді еркін бағалау теориясы инквизициялық процесті алмастырып континентальдық Еуропаға келген аралас процесс түріне тән теория болып табылады. Дәлелдеу құқығы тұрғысынан алғанда, мұндай ауысу революциялық оқиға болып табылады, өйткені шын мәнінде принциптердің өзгеруі болды.

Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді еркін бағалау теориясы, сондай-ақ формальды дәлелдер теориясы француз заң ғылымының өнімі болып табылады. Француз революциясының нәтижесінде тарихқа тек инквизициялық процесс жіберіліп қана қоймай, сонымен бірге оның дәлелдеу заңына тән қасиет – формальды дәлелдеу теориясы да пайда болды. Сол кезде жаңа француз билігі мен жаңадан соғылған наполеондық кодификаторлардың алдында: формальды дәлелдеу теориясын қалай ауыстыруға болады деген сұрақ тұрды. Нәтижесінде, дәлелдемелерді еркін бағалау теориясы дүниеге келді [12, с.421-423].

Ішкі сенімге негізделген дәлелдемелерді еркін бағалаудың мәнін келесілер құрады:

1) дәлелдемелер түрлерінің (қайнар көздерінің) шекті тізбесінің болмауы: егер заңмен тікелей тыйым салынбаса, кез келген қайнар көзден алынған ақпараттың көмегімен дәлелдеуге мүмкіндіктің болуы;

2) дәлелдеу әдістерінің (тергеу әрекеттерінің) шекті тізбесінің болмауы: заңмен тікелей тыйым салынбаған кез келген жолмен дәлелденуі мүмкін;

3) дәлелдемелерді "жетілдірілген" және "жетілмеген" деп бөлу арқылы белгіленген күшінің болмауы: барлық дәлелдемелер күші бойынша абсолютті тең және судьяның ішкі наным бойынша еркін бағалануы.

Англо-саксондық дәлелдеме теориясы континенттіктен ерекшеленетін және «континенттік стандарттармен» бағаланбайтын жеткілікті тәуелсіз дәлелдеу жүйесі болып табылады. Англо-саксондық дәлелдеу теориясының көп ғасырлық даму тарихы оның өзіндік ерекшелігі мен дербестігін, басқа

жүйелермен араласуына жол берілмегендігін көрсетеді. Бұл инквизициялық қылмыстық процестің Англияға әсер етпеуі тарихи жағдайға байланысты болса керек, сондықтан бір кездері Францияға, Германияға, сондай-ақ Ресейге де тән формалды дәлелдеу теориясының қажеттілігі болмады.

Англо-саксондық дәлелдеу теориясы ең жетілгендердің бірі ретінде танылады. Л.В. Головкиның пайымдауынша, бұған екі тарихи фактор:

1) алқабилер алқасының ғасырлар бойы әрекет етуі, яғни дәлелдеу ережелерін үнемі түсіндіруді қажет ететін кәсіпқой емес адамдар;

2) прецеденттік жүйе: дәлелдеуге қатысты нормалар заңының жинақы ережелерімен емес, мыңдаған алуан түрлі және жиі қарама-қайшы келетін сот прецеденттерімен реттелуі әсер етті» [11, 423-б.].

Англо-саксондық дәлелдеме теориясы келесідей ерекшеліктермен сипатталады:

- дәлелдеудің англо-саксондық теориясы дәлелдемелерді ішкі сеніммен еркін бағалау теориясына ұқсас қарастырылады. Олардың айырмашылығы терминдердің қолданылуымен ерекшеленеді. Мысалы, англо-саксондық теория ережелеріндегі дәлелдемелерді бағалау критерийі континенттік ішкі сенім емес, негізді күмәннің болмауымен айқындалады.

Осы ретте, И.Я Фойницкий ішкі сенімнің даму шарттарын қарастыра отырып, былай деп жазды: «сот өзіне қатысты істерді жинақталған немесе оған ұсынылған дәлелдемелердің негізінде толықтай шешуге тиіс. Бұл дәлелдемелер сотты есте сақтауға міндеттеумен және басқа да қарама-қайшы дәлелдемелердің нәтижесінде оларды қабылдамаумен байланыстырады».

Бұл ереже болжам емес, білімнің нәтижесіне негізделген айыпталушының күмәндану артықшылығына ие ағылшын жүйесінің формуласымен өрнектеледі. Ол ішкі сенім негізінде дәлелдемелерді еркін бағалау жүйесіне жатпайтын мазмұны мен мағынасы бойынша императивтік формуладан өзгешеленеді [13, 219-б.];

- дәлелдемелерді жинайтын субъектілермен ерекшеленеді. Бұл тараптар жинаған материалдарды соттың дәлелдемелер ретінде қабылдау ережесімен, сондай-ақ дәлелдемелердің қатыстылығы мен рұқсаты сияқты өзіне тән қасиеттерімен байланысты болып келеді. Басқаша айтқанда, тиісті құқықтық мәртебеге ие процесті жүргізуші тұлғаның дәлелдемелерді жинау еркіндігі туралы континенттік ережелерді, англо-саксондық жүйедегі «тараптардың» артықшылықтарына қолдануға болмайды;

- дәлелдеу жүйесінде континенттік Еуропада жоқ қылмыстық істі жүргізетін адамға қатысты бірқатар шектеу шаралары бар. Континенттік Еуропада материалдық ақиқат және оны орнатуға міндетті тұлға мәртебесінің қағидасы бекітілсе, бұл елде тараптардың жарыспалылығына негізделген қағидалар әрекет етеді.

«Осылайша, англо-саксондық қылмыстық процесте көптеген дәлелдемелік ережелер таза жарыспалылық құрылымдарға байланысты болып келеді. Мысалы, қарсы тараптың куәлардан жауап алу, қарсы жауап алу құқықтарын қарастыруға болады» [11, 424-б.].

Ресейлік дәлелдеме теориясына келетін болсақ, РФ Қылмыстық-процестік кодексінің (*бұдан әрі – РФ ҚПК*) 17-бабына сәйкес «судья, алқабилер, сондай-ақ прокурор, тергеуші, анықтаушы қылмыстық іс жүргізуде бар дәлелдемелердің жиынтығы негізінде дәлелдемелерді заң мен ар-ожданدى басшылыққа ішкі сенімі бойынша бағалайды» делінген. Бұл ресейлік қылмыстық процесс, басқа континенттік Еуропа елдеріндегі сияқты, ішкі сенімге негізделген дәлелдемелерді еркін бағалау теориясын ұстанады деген тұжырымға келуге болады.

Жоғарыдағыларды түйіндегенде ресейлік және қазақстандық дәлелдеу теориясы барлық үш әлемдік дәлелдеу теорияларына негізделген. Аталған елдерде қылмыстық процестің ерекшелігі тек дәлелдемелерді бағалауға қатысты ішкі сенімге негізделген дәлелдеу еркіндігі принципі қатаң сақталуда. Ал дәлелдемелерді жинау тәртібі процестік нормаларда бекітілген.

Осы себепті жалға берілген аймақта қылмыстық қудалауды жалғастырумен байланысты процестік әрекеттер заң нормаларында көрініс табуы қажет.

«Егер, халықаралық шарт процестік әрекеттерді анық түрде белгілемесе, заң шығарушы және атқарушы билік органдары халықаралық құқықтық нұсқауларды жүзеге асыру үшін тиісті ұлттық нормаларды бейімдеу керек. Алайда «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық-процестік қудалаудың орбитасына түскен адамдар субъективтік құқықтарын жүзеге асыру ұлттық қылмыстық-процестік заңнамада анық ашып көрсетілмеуіне байланысты РФ мен ҚР заңнамаларының ішінде қай мемлекеттің заңнамасын басшылыққа алып жүзеге асыру мәселелері бар. Себебі, РФ құқық қорғау органдарының өз елінің заңнамасымен бастаған қылмыстық қудалау әрекеттерін ҚР құқық қорғау органдары ұлттық қылмыстық-процестік заңнамамен жалғастыруда қылмыстық процеске қатысушы субъектілердің субъективтік құқықтарының бұзылуына әкеліп соғуда. Мысал ретінде «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі күзетпен ұстау мерзімімен сәйкес келмейтіндігін атап көрсетуге болады. Бұл процестік әрекеттерді ҚР ҚПК-нің 61-тарауы (Қылмыстық қудалауды жалғастыру) реттемейді.

2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 6-бабына сәйкес «ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдары алдында басым болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде тікелей қолданылады» [14].

Дегенмен, құқық теориясында Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттар мен Конституцияның иерархиясына қатысты көзқарастар әр түрлі қалыптасқан.

А.А. Черняковтың пікірінше «Қазақстан ратификациялаған шарттар Конституциядан басымдық күшке ие» [15]. М.Т. Баймаханов, керісінше

«Ұлттық құқық жүйесінде бірінші кезекте мемлекет ратификациялаған халықаралық актілер емес, Конституция тұруы қажеттігін болжайды» [16]. Г.С. Сапарғалиев, «Еліміздің саяси және құқықтық кеңістігінде Конституцияның басым күшке ие екендігін көрсете отырып аталған көзқараспен бөліседі» [17]. Заңның 10-бабында көрсетілгендей, «ҚР Конституциясының жоғары заңдық күші бар» [14]

Тәжірибеде ҚР Конституциялық Кеңесі ратификацияланған халықаралық шарттың заң талаптарына сәйкестігі қаралған дерек орын алған. Нақтылағанда, 2001 жылы Қызылорда облыстық сотының өтініші негізінде Конституциялық Кеңес «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартын (*бұдан әрі – Жалға беру шарты*) және Мемлекетаралық келісімнің кейбір баптары ҚР азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын шектеуіне байланысты Конституцияға сәйкес келмейді деп таныған [18]. Істің мәні бойынша ҚР азаматы оның территориясында тұрып «Байқоңыр» кешенінде құқық бұзушылық жасағаны үшін РФ заңнамасымен қылмыстық қудалауға ұшырап сотталған. Соттың ұсынысына сәйкес құқық бұзушылық жасаған ҚР азаматының әрекеті РФ заңнамасы бойынша қылмыстық жазаланатын әрекет (бөтеннің мүлкін ұрлау) болса, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ұсақ-түйек ұрлық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған болар еді. РФ мен ҚР арасында жасалған Жалға беру шарты мен Мемлекетаралық келісімнің аталған нормаларынан, соттың шағымында көрсетілгендей, кейбір жағдайларда тұлғалардың белгілі бір санатына, оның ішінде ҚР азаматтарына қатысты Қазақстан территориясында РФ юрисдикциясы қолданылады. Бұл ретте, қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы материалдарды РФ заңнамасына сәйкес ресейлік құқық қорғау органдары қараған.

Конституциялық Кеңестің зерделенген 2001 жылғы 7 мамырдағы №6/2 қаулысын іске асыру және «Байқоңыр» кешені бойынша мемлекетаралық келісімдердің ережелерін Конституцияға сәйкес келтіру мақсатында ҚР Үкіметі мен РФ Үкіметі арасындағы Жалға беру шарты мен Мемлекетаралық келісімге

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаларға қол қойылды. Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес «Байқоңыр» кешенінің аумағында құқық бұзушылық жасаған ҚР азаматтары аталған елдің құқық қорғау органдарына беріледі [18].

Осылайша Конституцияға сәйкес республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтитындығын, сонымен қатар мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз ететіндігін көруге болады. Пайымдауымызша, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін халықаралық шарттар ұлттық заңдардың басымдық қасиеті бола алмайды.

ҚР ҚПК-нің 4-бабында «ҚР аумағында шет мемлекеттің тергеп-тексеру органдары мен сотының немесе олардың тапсырмасы бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органның шет мемлекеттің қылмыстық-процестік құқығын қолдануға, егер бұл ҚР ратификациялаған халықаралық шартта көзделген болса, жол беріледі» деп көрсетілген [1]. Алайда М.Ш. Коғамовтың түсіндіруі бойынша аталған бап «Байқоңыр» кешеніндегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыспен күресудегі Мемлекетаралық келісімнің конституцияға сәйкес келмейтін бөлігіне қатысты қолданылмауы қажет» [19]. Осы ретте, құқықтық актілердің қолдану аясын анықтау керек деп есептейміз.

Құқықтық актілердің қолдану аясын анықтау құқық нормаларының дұрыс қолданылуы үшін қажет. Барлық нормативтік құқықтық актілер уақыт, кеңістік және осы актілерде қамтылған тұлғалар тұрғысынан белгіленген шеңберде әрекет етеді. Бұл шеңберді құру өте маңызды, өйткені онымен байланысты актілерде қамтылған жалпыға бірдей міндетті нормаларды қолдану мүмкіндігін және тиісті жағдайларда қажеттігін анықтайды» [2].

«Заң ғылымы өз кезегінде құқық қолдану процесі кезеңдерінің бірі ретінде құқық нормаларын тұлғалар арасында қолдану тұрғысынан талдау міндеттілігін көрсетеді» [20].

«Себебі, тұлғалар шеңбері тұрғысынан қылмыстық-процестік заңның шектерін тиісті дәрежеде талдау Қазақстан азаматтарының қылмыстық сот ісін жүргізуде конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдіктерінің бірі және халықаралық шарт талаптары сақталуының негізі болып табылады. Халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормалары Конституцияға сәйкес Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесінің бір бөлігі болып табылады және ұлттық заңдарға сәйкес келмеген жағдайда олардың ережелері басымдыққа ие болады (Конституцияның 4-бабы)» [21].

«Халықаралық нормалардың басым көпшілігі экстрадициялауды қоспағанда тікелей қолданылмайды, бұл тек құқық қорғаушыдан ғана емес, сонымен бірге заң шығарушыдан да халықаралық шарт талаптарын орындау процесінде оларды жүзеге асыру үшін ішкі деңгейде белгілі бір міндеттемелерді талап етеді және аталған нормаларды ұлттық құқықтық жүйелерге енгізудің негізі болып табылады.

«Тұлғалар шеңбері тұрғысынан бір немесе басқа нормативтік актінің әрекет ету шегін анықтау – бұл нормадағы нұсқамалар кімге бағытталғандығын көрсетеді деген аксиома бар» [20, 178-б; 22].

«Құқықтың жалпы теориясының ережелеріне қайта жүгінсек, нормативтік актілердің әрекет ету аясы кеңістікте және тұлғалар шеңбері тұрғысынан сәйкес келмеуіне қарамастан ұқсас ұғымда қолдануға жол берілетіндігін көреміз» [20, 178-б; 22]. Бұған дәлел ретінде, «ҚР заңнамасы республиканың азаматтарына, шетелдік және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылады. Дегенмен, бұл ереженің бірқатар ерекшеліктері бар. Олардың бірі ретінде әрекет етуші заңға және халықаралық шартқа сәйкес дипломатиялық иммунитетті қолданып қылмыстық қудалауға жол берілмейтін тұлғаларды атауға болады» [2]. «Осы идеяның негізінде және айтылған ұстанымды қолдап, әрбір мемлекеттің өз азаматтарына қатысты қылмыстық юрисдикцияның шегі және аумағында, сондай-ақ халықаралық және ішкі мемлекеттік құқыққа сәйкес осындай юрисдикция қолданылатын қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту

мәселелерін шешуде егемендік құқығына ие екендігіне назар аудару қажет» [24].

В.Н. Хропанюктің тұжырымы бойынша, «Заңның тұлғалар арасында әрекеті – нормативтік құқықтық актілердің күші белгілі бір аумақта тұратын барлық адамдарға қолданылатын ереже» [23]. Бұл көзқарас орынды, әрі құқықтың жалпы теориясы ұлттық заңның тұлғалар шеңберінде қолдану ұғымына «Байқоңыр» кешенінде сот ісін жүргізуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қайшы келмейді деп есептейміз.

Нақтылағанда, ұлттық заң нормаларында қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау бойынша негізгі конвенциялық институттар барынша қамтылған.

Десек те, «Байқоңыр» кешенінің аумағында ҚР ҚПК-де көрініс тапқан қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау бойынша нормаларды қолдану мүмкіндігі шектелген. Бұл кедергілерді жою үшін заңның тұлғалар арасында әрекетіне қатысты ұлттық заңнаманың нормасына өзгерістер енгізу қажет. Осыған байланысты ҚР ҚПК-нің 6-бабында:

- 3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. «Байқоңыр» кешенінің аумағында сот ісін жүргізудің ерекшеліктері осы Кодекстің 61-1-тарауына сәйкес айқындалады.».

121-баптың 1-бөлігі «бойынша» деген сөзден кейін «немесе ерекше жағдайда 61-1-тарауды басшылыққа алу негізінде» деген сөздермен толықтырылсын.

61-1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«61-1-тарау. «Байқоңыр» кешенінің аумағында Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалауды жалғастыру».

600-1-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыру кезінде Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары өз елінің заңнамасына сәйкес оқиға орнын, жергілікті жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде табылған тінту, алу, тергеу экспериментінің аудио- және (немесе) бейнебақылаулары, сондай-ақ басқа тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұйымдар және азаматтар ұсынған нәрселер осы Кодекстің 220-бабының қағидалары бойынша қарап-тексерілуге жатады.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. «Байқоңыр» кешенінің аумағында ресейлік құқық қорғау органдары жүргізіп жатқан тергеу әрекеттері кезінде өзара келісім негізінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қылмыстық істер бойынша айғақтарға қарап-тексеру жүргізіп, нәтижелерін сақтауға қоюға құқылы.».

3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары жүргізген тергеу әрекеттері нәтижесінде табылған және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен қарап-тексерілген айғақтар осы Кодекстің 118-бабының қағидаларында көрсетілген жағдайларда заттай дәлелдемелер деп танылады.».

1.2. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді жинау және бағалау ерекшеліктері

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі – КСРО) құрамындағы одақтық республикалар болған ҚР мен РФ өз Қылмыстық іс жүргізу кодекстері болғанымен, бір заң жүйесінде және ортақ негізде қалыптасты. Бұл елдердің қолданыстағы заңнамасында әлі де ортақ белгілері бар [25].

Дегенмен олардың тәуелсіз мемлекеттер ретінде отыз жылға жуық дамуы аумақтық, экономикалық, мәдени және басқа да факторларға байланысты процестік заңнамасындағы айырмашылықтарды айқындады.

Нақтылағанда, бүгінгі күнге дейін қазақстандық қылмыстық сот ісін жүргізудің дамуын шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастырамыз:

Бірінші кезең – «Қазақстанда онға жуық жылда Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының (*бұдан әрі - РКФСР*) Қылмыстық іс жүргізу кодексінің әрекет етуі: 1923 жылдан бастап 1960 жылға дейін әрекет еткен Қазақстанның Қылмыстық іс жүргізу заңнамасының алғашқы енуі. Алғашқы кезеңде қылмыстық іс жүргізу заңнамасы және онымен реттелетін тергеу тәжірибесі КСРО және РКФСР қылмыстық іс жүргізу заңнамасының тікелей ықпалымен дамыды» [26].

Екінші кезең – «еліміздің тәуелсіздігін алуына дейінгі 1960-1991 жылдарды қамтиды. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы мазмұны жағынан біркелкі болғанымен, заң шығарушыда оның кейбір институттары мен нормаларын, соның ішінде тергеу қызметін реттеуді қоса алғанда реформалар жүргізуге мүмкіндіктер пайда болды. Осы кезеңде отандық іс жүргізу заңнамасында 60-қа жуық өзгерістер мен толықтырулар енгізілді» [27].

Үшінші кезең – Қазақстан 1991 жылы тәуелсіз мемлекет ретінде танылды. Қылмыстық-процестік заңнамасы және тергеу қызметін жетілдіру жұмыстары белсендірілді. Бұны сыбайлас жемқорлық және ұйымдасқан қылмыспен күресте еліміздің қажеттілігі талап етті. Осы кезеңде 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданды [28].

Төртінші кезең - 2010 жылы ҚР Президенті Үкіметке ҚР Ішкі істер министрлігінің Тергеу комитеті мен Криминалдық полиция комитетін біріктіріп, Тергеу комитетін қайта ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл тапсырма қажетті заңнамалық база қалыптастырып, оны тәжірибеде апробациядан өткізу мақсатын көздеді [29]. Ең алдымен жаңа ҚР ҚПК қалыптастыру қажеттігі туындады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыстың алдын алу және қылмыстық сот төрелігі саласындағы нұсқаулықтары (1985 ж.) дүниежүзілік қылмыстық сот ісін дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде қылмысты ашудың, тергеудің, қудалаудың және жазалаудың жаңа әдістерін қолдану қажеттілігін анықтады...» [30, 35-б.].

Дегенмен тарихты зерделейтін болсақ, қылмыс жасалғаннан кейін оны ашуды жедел қызметтер жүзеге асырған, бұның жалпы нәтижесі, әдетте, кінәсін мойындаған тұлғаны анықтаумен шектелген, ал әрбір күдіктінің қылмысқа қатысу дәрежесін анықтауды, олардың кінәсін растайтын дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді тергеу және анықтау қызметтері жүргізген.

Аталған жағдай реформаны қажет етіп, жоғарыда көрсетілген президенттің тапсырмасынан кейін 2014 жылы ҚР жаңа ҚПК қабылданып 2015 жылы қолданысқа енгізілді [31].

Қолданыстағы ҚР ҚПК-де 2010 - 2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының [32] «қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және жауапқа тарту, сондай-ақ әділ сот ісін жүргізу мақсатындағы қылмыстық-процестік заңнама мен жедел-ізвестіру туралы заңнаманың оңтайлы құқықтық тетіктерін тиімді қолдануды қамтамасыз ететін және қылмыстық заңнаманы дұрыс қолдануды әзірлеуді көздейтін» ережелер көрініс тапқан. Бұл ретте, қылмыстарды ашу ҚР жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерінен алынып тасталды [33].

Демек қабылданған ҚР ҚПК жасырын тергеу әрекеттері енгізіліп (232-баптың 1-бөлігі), оған сәйкес қылмыстарды ашуды жедел қызметке басшылық жасайтын анықтау органының басшысына тапсырма беру арқылы тергеу бөлімшелері жүзеге асырады (62-баптың 3-бөлігінің 2)-тармағы). Осылайша, бір лауазымды тұлғаның қолында қылмыс тіркелген кезден бастап дәлелдемелерді жинауды көздейтін заңдық нормалар қалыптасты.

Осы ретте, қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі дәлелдемелердің қылмыстық процестегі және дәлелдеудегі байланысын анықтау қажет. ҚР және РФ Қылмыстық-процестік кодекстерінде дәлелдемелердің мақсаты қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау болып табылады. Олар жазаны дұрыс саралау, дараландыру, дәлелдеу процесінде азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау кепілдіктерін қамтамасыз етудегі құқықтық маңызымен сипатталады.

«Ақиқаттың табиғатын ҚР ҚПК-нің 24-бабы дәлелдеу субъектілерінің барлық іс жүргізу шешімдері істі дұрыс шешу үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеуге негізделуі тиіс деп анықтайды» [31].

Ақиқат объективті деп есептеледі. Дегенмен бұл мәселенің практикалық шешімі іс жүргізу нысаны мен дәлелдеу ережелері арасындағы басымдықты белгілеуге жүктеледі. Нақты қылмыстық істерді тергеу кезінде қылмыстық-процестік заңнамасының нормаларына сәйкес белгіленген ақиқаттың сипаты объективті немесе конвенциялық, процестік болып бөлінеді.

Конвенциялық ақиқат қылмыстық іс жүргізу принциптерінің ережелері мен талаптарына негізделген процестік ақиқаттың бір түрі болып табылады.

Ал процестік ақиқат «сот процесінің (оның нәтижесінің) заңнама талаптарына сәйкестігі» деп түсініледі [34, 26-29-б; 35, 21-б.].

М.С. Строгович, қылмыстық сот ісін жүргізудегі объективті ақиқатты «іс үшін маңызды фактілер қалай орын алғандығына қатысты тергеу мен соттың қорытындылары және оны анықтау арқылы азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қарастырады» [36, 9-б; 36].

Алайда қылмыстық істердегі таным процесінің ерекшеліктері (қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау; танымды ретроспективті түрде қарастыру; қылмыстық процеске қатысушылардың жеке және субъективті

кәсіби қасиеттері; қылмыстық іс жүргізу нысанының құрылымдық мазмұны) объективті ақиқат сипатын өзгертеді.

И.Б. Михайловскаяның пайымдауынша, процестік ақиқаттың өзіне тән құндылығын қылмысты ашуға және оны жасаған кінәлі адамды соттауға шектеуші құралдар мен әдістер ретінде қарастырады [36].

Демек қылмыс жасаған әрбір адамды жауаптылыққа тартуға және соттауға басты назар аударады [36, 9-10-б.].

С.А. Пашин керісінше, судья процестік ақиқатты анықтауы қажет: «судья шешім қабылдауды қылмыстық әрекет дәлелденсе, «иә, кінәлі» немесе дәлелденбесе, «жоқ, кінәлі емес» деп айтуы керек деген мағынада ғана жауап береді» [37, 312-б.]. Сонымен, судьяның жауабы айыптау мен қорғаудың кәсіби шеберлігіне байланысты, бұл жерде ақиқат процестік, ал ақиқатты іздеуге қылмыстық процеске қатысушылардың барлығы жауапты [37].

Біз бұл көзқараспен келісеміз, себебі сот өндірісіндегі барлық процестік әрекеттер заңналық тұрғыда жеткілікті болуы және ақиқатқа қол жеткізуге кедергі келтірмеуі қажет.

Десек те, ҚР мен РФ қылмыстық-процестік заңнамаларының міндеттері мен мақсаттарындағы ерекшеліктердің болуы және отандық қылмыстық-процестік заңнамада реттеуші нормалар толық қарастырылмауы тәжірибеде кері әсерін тигізуде.

Нақтылағанда, қылмыстық іс жүргізу міндеттерінің иерархиясы ҚР ҚПК-нің 8-бабы 1-бөлігінде белгіленген:

- қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту;

- әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану;

- адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау болып табылады [31].

Басқаша айтқанда, заң шығарушы қылмыстық сот ісін жүргізудің айрықша жария сипатын және қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың негізгі принциптерін белгілеп, ҚР Конституциясының 9-бабы 1-бөлігіне сәйкестігін көрсетеді.

Керісінше, РФ ҚПК-нің 6-бабына сәйкес қылмыстық іс жүргізудің мақсаты:

- адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау;

- адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғау болып табылады [38].

ҚР ҚПК көрсетілген нормалар оның мақсаты емес, міндеттері түрінде бекітілген. Демек, ҚР ҚПК 8-бабының 2-бөлігі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етумен қатар, қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібін, оның ішінде адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу ақтауды қамтамасыз етеді.

«Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ мен ҚР қылмыстық-процестік заңнамаларының мақсаттары мен міндеттеріне байланысты ерекшеліктерге сәйкес туындаған мәселелер келесідей сипатталада.

РФ заңнамасында алдын-ала тергеуге дейінгі тексеру және қылмыстық іс қозғау, алдын-ала тергеу жүргізу ұғымдары жүзеге асырылады. Яғни, қандай да бір қылмыс туралы хабарламалар алғашқыда қылмыс туралы хабарламаларды тіркеу кітабына тіркеліп, алдын-ала тергеуге дейінгі тексеру жұмыстары жүргізіліп, қылмыс құрамы нақтыланған жағдайда қылмыстық іс қозғау кезеңіне көшеді.

Ал ҚР ҚПК-нің 121-бабына сәйкес дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Дәлелдеу сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

Одан басқа, ҚР ҚПК-нің 111-бабында, *«заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот ҚПК-де айқындалған тәртіппен ҚК-де көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады»* - деп көрсетілген.

Осы баптың 2-бөлігінде, *«қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: ... процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді»* деп бекітілген.

ҚР ҚПК-нің 112-бабына сәйкес, *нақты деректер, егер олар осы ҚПК-нің талаптары бұзыла отырып алынса, дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуға тиіс.*

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 123-бабының 1-бөлігінде, *«нақты деректер процестік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін»*, деп көрсетілген.

Сондай-ақ ҚПК-нің 125-бабының 4-бөлігіне сәйкес, *егер дәлелдеме осы Кодексте белгіленген тәртіппен алынған болса, ол жол берілетін дәлелдеме деп танылады* [31].

Алайда Ресей құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істердің ішінде, есірткі затын заңсыз сату қылмысы бойынша есірткі затын алу кезіндегі «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Ресей Федералды заңының 6-8, 17 және 49-баптарына сүйене отырып «өз еркімен беру актісі» арқылы алады.

Осыған орай, қылмыстық істі жан-жақты, толық және объективті түрде қарау, келешекте заңбұзушылықтарға жол бермеу, соның ішінде адамның Конституциялық құқықтарына нұқсан келтірмеу мақсатында, РФ құқық қорғау органдарының жедел-ізвестіру қызметкерлерінің есірткі затын «өз еркімен беру актісімен» алу құжаты, қылмыстық процесте қолдануға жататынын немесе жатпайтыны туралы ережелер ҚПК-нің арнайы бөлімінде бекітілуі қажет деп есептейміз.

Одан басқа, сот өндірісінде кінәлі тұлғаны анықтауда «жедел-ізвестіру іс-шаралары кезінде алынған заттар мен құжаттарды ұсынған адамдардан жауап алу емес, басқа іс жүргізу әрекеттерін қолдана отырып, ұсынылған нәрселерді тексеру маңызды болып табылады» [39, 121-б.]. Алайда «Байқоңыр» кешенінің аумағында мұндай тергеу әрекеттерін жүргізу мүмкін емес (мысалы, РФ құқық қорғау органдары жүргізген жедел-ізвестіру материалдары ҚР құқық қорғау органдарына берілмеуі). Себебі, РФ құқық қорғау қызметінің қызметкерлері материалдарды дайындау кезінде: жасырын жедел-ізвестіру әдістері; ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрамына кірген адамдар; штаттық құпия қызметкерлер және құпия негізде көмек көрсететін адамдар; ұйымдастыру және өткізу тактикасы туралы мәліметтер қолданады және бұлар мемлекеттік құпияны құрайды. Осылайша, ҚР құқық қорғау органдары алынған материалдардың заңнамаға сәйкестігіне тек формальды түрде бағалау жүргізуге мәжбүр.

Бұл ретте проблемалық мәселелерді РФ құқық қорғау органдары жүргізген жедел-ізвестіру шараларының материалдарын тергеушіге беру немесе бермеуде емес, іс үшін қандай материалдар маңызды, қайсысы маңызды емес екендігі құрайды. Мұндай жағдайларда конспирация, сондай-ақ көптеген мәліметтердің құпиялылығы туралы ереже істің мән-жайын толық, объективті және жан-жақты зерделеу және ақиқатты ашу мүдделеріне қайшы келуі мүмкін.

Сондықтан «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ мен ҚР құқық қорғау органдарының арақатынасында дәлелдемелерді жинауда басты назар процесік нысанға аударылуы қажет деп есептейміз. Оның жүзеге асуына нормативтік база талап етіледі.

Мәселенің келесі қыры, дәлелдемелік базаны қалыптастыруда РФ өзгеше ҚР сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде сот тарапынан бақылаушы орган ретінде тергеу судьясы институты әрекет етеді. Аталған институт тараптардың тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған тежеу мен тепе-теңдік процесінің кепілдігі, дәлелдемелерді жинауда бәсекелестіктің қазіргі жағдайын сапалы түрде жақсартуға мүмкіндік беретін бірден бір құрал болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізіп, дәлелдемелік базаны қалыптастыру кезінде көп жағдайда басымдықты айыптау тарапы алады, осы кезде айыптау мен қорғау тарапының арасындағы теңдікті, дәлелдемелер жинауда олардың арасындағы бәсекелестікті тергеу судьясы қалыптастырады.

Әлеуметтік-құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз ету – кез-келген уақытта туындайтын және оған әсер ететін белгілі бір құбылыстар мен факторларға қарамастан әрбір мемлекеттің саясатының ең басым бағыттарының бірі.

ҚР Қылмыстық-процестік заңнамасында ведомстволық процесік бақылаумен (тергеу бөлімі бастығы тергеушінің қызметіне бақылау жасауы; анықтау органы бастығы анықтаушының қызметіне бақылау жасауы және т.б.) және алдын ала тергеуді жүргізу кезінде заңдылықтың сақталуы мен азаматтардың құқықтары қорғалуына прокурорлық қадағалауды жүргізумен қатар, ҚР қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізетін тұлғалардың қызметіне сот бақылауы орнатылған [31].

ҚР ҚПК 106-бабында көзделген заңнамалық норманың мағынасында сот бақылауы қылмыстық процеске қатысушылардың және басқа да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заң

бұзушылықтарды қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім (үкім) қабылдамай, тез және тиімді жоюға мүмкіндік беруі керек.

Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қатысушылардың сот арқылы қорғалуына құқығы Конституцияның 13-бабында белгіленген, оған сәйкес: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар». Сонымен қатар, Соттар туралы Конституциялық заңның 1-бабында әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез-келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік берілетіндігі көрсетілген [22].

Біздің ойымызша, бұл құқық күдіктіге (айыпталушыға), сондай-ақ қылмыстық іске басқа қатысушыларға да өз құқықтарын қорғауына, атап айтқанда, «кінәсі дәлелденгенге дейін кінәсіз болу» құқығын жүзеге асыруға көбірек мүмкіндіктер береді; алдын ала тергеу сатысында тергеу органдары мен олардың лауазымды адамдары жіберген заң бұзушылықтарды жоюға, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша заңды үкім шығару кезінде соттың жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді.

Одан басқа, ҚР ҚПК-нің 106-бабымен іс жүргізу әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдану қылмыстық процестің келесідей қағидаттарымен: заңдылық (ҚР ҚПК 10-бабы); жеке басқа қолсұғылмаушылық (ҚР ҚПК 14-бабы); жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу (ҚР ҚПК 13-бабы); қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау (ҚР ҚПК 15-бабы); сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру (ҚР ҚПК 23-бабы) және қылмыстық процестің басқа да қағидаттарымен өзара байланыста болады.

Қылмыстық процесс теориясында ҚР ҚПК-нің 106-бабы бойынша сотқа шағымданудың түсінігі мен мақсатын көрсететін көптеген көзқарастар бар.

Сонымен, Н.А. Громов «Қылмыстық процесте азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кез-келген шектеулер мемлекет атынан және оның тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатындықтан, мемлекет азаматтардың заңмен қорғалатын құқықтарын заңсыз және шектен тыс шектеулерден қорғана алатын іс жүргізу кепілдіктерін қамтамасыз етіп, оларға құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүмкіндігін беруге міндетті» деп атап көрсетті [40, 3-б.]. Осыған сүйене отырып, сотқа шағымдану сияқты процестік кепілдіктер құқықтарды жүзеге асыру мақсатында ғана емес, жеке тұлғаны заңсыз және негізсіз шектеулерден қорғау үшін де қажет деген қорытынды жасауға болады.

Қылмыстық процесс теориясында «процестік кепілдіктер» ұғымына қатысты бірнеше пікірлер қалыптасқан. Сонымен, Ф.Н. Багаутдиновтың айтуы бойынша «процестік кепілдіктер – құқықтарды қамтамасыз етудің тікелей немесе басқа да құралы болып табылады» [41, 53-б.].

Н.В. Витрук көрсеткендей: «...кепілдіктер – бұл адамның өзіне тиесілі құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруына мүмкіндіктер беретін шаралар, сондай-ақ адамның толық құқықтары мен бостандықтарын нақты жүзеге асырылуын және қорғалуын қамтамасыз ететін шарттар мен құралдар» [42, 29-б.].

Т.Н. Добровольская көзқарасы бойынша «Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарының қылмыстық-процестік кепілдіктері - қылмыстық процестік заңнаманың нормаларында белгіленген, өзінің нақты мазмұнымен, жиынтығымен ерекшеленетін, іс бойынша оларға іс жүргізу құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін беретін құралдар» [43, 133-б.]. Кепілдіктер деп «қоғамның барлық азаматтарының материалдық, саяси, сондай-ақ кепілдендірілген заңнамалық жағдайы қамтылған демократиялық құқықтары мен бостандықтарын пайдалануының нақты және заңды мүмкіндіктерін

қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан жасалатын құралдар» түсініледі [44, 8-б.]. В.В. Шипилицина кепілдіктерді «жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, жүзеге асыруға ықпал ететін барлық нәрсе» деп түсінеді [45, 17-б.].

Заңгер ғалымдардың ғылыми көзқарастарын талдай отырып, кепілдіктер азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында заңнамалық деңгейде мемлекет жасайтын шаралар мен құралдар деп, біржақты қорытынды жасауға болады. Қылмыстық процесте бұл, ең алдымен, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға және қорғауға, бағытталған іс жүргізу сипатындағы шаралар.

Алдын ала тергеу сатысында сотқа шағымдану құқығының маңыздылығы тергеу органдары және олардың лауазымды адамдарының, прокурордың қызметін неғұрлым мұқият бақылау қажеттілігінде туындаған, себебі қылмыстық қудалау оған тартылған адамға қойылатын белгілі бір шектеулерге тікелей байланысты. Сондықтан, біздің ойымызша, заң шығарушы мұндай «жоғары бақылауды» қажет және міндетті деп таныған.

Осы ретте, Қазақстанның қылмыстық процесінде шағымдану құқығына негіз болатын халықаралық заңнаманы атап өткен жөн.

«Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабында әркімнің Конституциямен немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда құзыретті ұлттық соттар тиімді қалпына келтіруге құқығы бар делінген» [46, 7-б.]. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактіде бұл ереже былай делінген: «осы Пактіде танылған құқықтары мен бостандықтары бұзылған кез-келген тұлғаны, тіпті егер құқық бұзушылықты ресми түрде әрекет ететін адамдар жасаған болса да, тиімді қорғау құралымен қамтамасыз ету қажет [47, 291-б.].

Сонымен, ҚР ҚПК 106-бабы негізінде лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдану құқығы

принципінің негізгі мақсаты мен міндеті қылмыстық іс жүргізудегі заңдылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Алайда, «Байқоңыр» кешенінің аумағында орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша РФ құқық қорғау органдары алдын ала және қажетті тергеу әрекеттерін жүргізіп, ҚР құқық қорғау органдарына берілген қылмыстық істер бойынша ҚР ҚПК алдын ала жүргізілген тергеу әрекеттеріне шағым келтіру тәртібі қарастырылмаған.

Осы себептен, біздің ойымызша ҚР ҚПК-нің арнайы бөлімінде «Байқоңыр» кешенінің аумағында орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша РФ құқық қорғау органдарынан келіп түскен қылмыстық істер бойынша іс жүргізу әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) және шешімдеріне шағымданудың ерекше тәртібін белгілеу қажет.

Одан басқа шешімі талап етілетін келесі мәселелені «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда РФ мен ҚР дәлелдемелерді жинау тәртібі процестік нормаларда бекітілгенмен оларды бағалауға қатысты ішкі сенімге негізделген дәлелдемелерді бағалау еркіндігінің қалыптасуы құрайды.

Дәлелдеу теориясында қылмыстық істердегі айғақтарға ішкі сенімге негізделген баға беруге қатысты көзқарастар бірыңғай қалыптаспаған. Кейбір ғалымдар айғақтарға ішкі сенім негізінде баға беруді қылмыстық процеске қатысушы субъектілердің заң нормаларымен ретке келтірілмеген іс-әрекеттері ретінде көрсетеді. Дәлірек айтқанда, В.Д. Арсеньев «дәлелдемелерге баға беру деп, әрбір айғақтардың күші мен мәнін жеке және барлық жиынтықта қарастыру деп тұжырымдайды» [48, 87-б.].

М.С. Строговичтің пайымдауынша, «дәлелдемелерді бағалаудың мәні - оны тексерудің нәтижесінде сол дәлелдемені анықтайтын фактінің болуы немесе болмауы екендігін тану» [49, 143-б.].

Келесі ғалымдар айғақтарға баға беру деп ақиқатты анықтауда жиналған нәрселерді іске қатыстылығын логикалық түрде ойлауды түсінеді.

Бұндай көзқарасты ұстанушы Г.М. Миньковский «Айғақтарға баға беру – қылмыстық іске қатысты деректердің сол іске қатыстылығын, мән-жайлармен сәйкестігін, дәлелдеу процесінде негізді қорытынды және барлық жиналған жалпы айғақтарды қарастырады» [50, 98-б.].

Түйіндейтін болсақ, дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша еркін бағалауда шек болмауы қажет. Дегенмен, ҚР Жоғарғы Сотының түсініктемелері қылмыстық және қылмыстық- процесстік саясатты анықтайды және дәлелдеу субъектілерінің ішкі сенімінің қалыптасу үрдісіне әсер ететін факторлардың бірі болып табылады [7, 100-б.]. Осыған байланысты «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда заң нормаларын біркелкі қолдану үшін ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы қабылдануы қажет деп есептейміз.

Сонмыен қатар, «Байқоңыр» кешенінде орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ҚР ҚПК-де соттылықтың анықталмауы кұрайды. Нақтылағанда, «Байқоңыр» кешені (ғарыш аумағы) Қызылорда облысының Қармақшы және Қазалы аудандарының әкімшілік-аумағында орналасқан. Соның ішінде Байқоңыр қаласы Қармақшы ауданының әкімшілік-аумағында орналасқан. Бірақ та, Қармақшы ауданында және Қазалы ауданында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің соттары бар. Осы жерде Байқоңыр қаласының сотына қатысты соттылық мәселесі қалай анықталуы қажет деген сұрақ туындайды.

Қылмыстық істерді соттылығына байланысты беру тәртібі туралы мәселені қарастырмас бұрын, соттылық институтының қалыптасуына қысқаша тоқталған жөн. Әртүрлі дауларды қарайтын сот органы мемлекеттік жүйенің маңызды буыны болып табылады, мұндай жүйе Шарль Луи де Монтескье билікті бөлу принципін жасаған кезден бастап дамыды. ҚР қарастыра отырып, біздің елімізде әртүрлі сот органдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін сот жүйесі бар екенін атап өткен жөн, олардың әрқайсысы өз құзыреттерінің жиынтығымен қамтамасыз етілген, бірақ барлық соттардың қызметіндегі

айырмашылықтарға қарамастан, ҚР аумағында олардың қызметінде соттылық арқылы жалпы жағдайды анықтауға болады.

Сот төрелігінің жан-жақты және әділ жүзеге асырылуы элементтерінің бірі ретінде қылмыстық істердің соттылығын дұрыс анықтау танылады. Әркімнің өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайтындығы және судья заңды қолданған кезде осы принципті басшылыққа алу міндеттілігі Конституциямен кепілдік берілген (ҚР Конституциясының 77-бабының 3-бөлігінің 3) тармақшасы). Бұл процестік заңнамаларда нақты соттылықты анықтайтын ережелер арқылы жүзеге асырылады және оны субъективтік көзқарас арқылы өзгертуге жол берілмейді. Осы мақсатта қылмыстық-процестік заңы тиісті қылмыстық іс бірінші сатыда қай сотта қаралатынын алдын ала анықтайтын соттылық белгілерін теориялық түрде бастау аталатын нормативтік өлшемдердің негізінде жиынтығын белгілейді.

Құқықтық әдебиеттерде соттылық әртүрлі түсіндіріледі.

Кейбір зерттеушілер соттылықты қылмыстық істі қарау қай соттың құзыретіне жататындығын көрсететін қылмыстық істің қасиетінен басқа ештеңе емес деп қарастырады. [51, 15-16-б.]; [52, 10-б.] Бұл тәсілдің әр түрлі нұсқасы қылмыстық істі бірінші сатыдағы қандай соттың қарауға құзыреттілігі барын анықтайтын жалпы қылмыстық істің белгілерінің жиынтығы ретінде талқылау болып табылады [52, 8-б.]; [53, 242-б.].

Басқа зерттеушілер соттылықты соттың қылмыстық істі мәні бойынша қарау құқығы деп есептейді. Бұл көзқарасты Л.Г. Гусев ұстанып, «...соттылық – бұл соттың қылмыстық істердің белгілі бір санатын бірінші сатыдағы сот ретінде қарау құқығы. Әрбір соттың қылмыстық істерді қарау құқығы бірінші сатыдағы сот ретінде оның құқықтарының, құзыретінің бір бөлігі ғана болып табылады, сондықтан соттылық әрбір сот құзыретінің келесі бөлігі» - деп жазып көрсетті [55, 4-б.].

Жоғарыдағы соттылықты анықтау тәсілдері арасында барлық айқын айырмашылықтарға қарамастан, олар толығымен бірін-бірі жоққа шығармайтындығын көруге болады. Соттылықтың нормативтік критерийлері болып қылмыстық істі қарауды бір жағынан белгілі бір соттың құзыретіне жатқызу, ал екінші жағынан, соттың өкілеттіктерін жүзеге асырудың негізі болып табылатын осы істі мәні бойынша қарастыру жиынтығын құрайтын қылмыстық істің белгілері танылады.

Қазақстандық қылмыстық-процестік қылмыстық-процестік құқығында соттылықтың келесі түрлері ажыратылады:

1. тектік (пәні);
2. аумақтық;
3. дербес;
4. балама (жағдайларға қатысты).

Тектік (пәндік) соттылық адам айыпталып отырған қылмыстың түріне, ҚР ҚК Ерекше бөлімінің бабында көзделген қылмыстың саралауына, яғни іс жүргізудің нысанасына қарай анықталады. Пәндік соттылық қылмыстың саралануына, демек, жазаның ауырлығына да байланысты болуы мүмкін. Пәндік соттылық негізінде қылмыстық іс нақты қай соттың құзыретіне жататынын анықтауға болады.

Қылмыстық істің аумақтық соттылығы оның жасалған жеріне байланысты анықталады. Қылмыс жасалған жер деп айыпталушының өзінің қылмыстық әрекетін немесе әрекетсіздігін жасаған жері танылады. Қылмыс жасалған жерді анықтау мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық іс алдын ала тергеу немесе анықтау аяқталған аумақтың сотының қарауына жатады.

Қылмыстық істің дербес соттылығы айыпталушының лауазымдық немесе қызметтік жағдайына байланысты айқындалады.

Балама соттылық немесе істерді байланыстыру бойынша соттылық әртүрлі деңгейдегі соттардың соттылығына жататын қылмыстық істерді біріктіру арқылы анықталады.

Егер бір адам немесе адамдар тобы әртүрлі деңгейдегі соттардың қарауына жататын бірнеше қылмыс жасаған болса, онда барлық адамдардың жасаған қылмыстарын осы соттардың жоғары тұрған сатысы қарайды. Бұл жерде төменгі соттылықты жоғары тұрған соттылық қабылдайды және әртүрлі деңгейдегі барлық қылмыстық істер бойынша соттардың соттылығы жоғары тұрған соттың құзыретіне жатады деген ереже әрекет етеді [55, 296-б.].

Жоғарыдағыларды түйіндегенде Қазақстан заңнамасында құқықтар мен бостандықтарды сот арқылы қорғауды әділ және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңнамалық кепілдіктер бар.

Бұндай кепілдіктердің бірі болып қылмыстық істердің заңмен бекітілген соттылығы бойынша қаралуы танылады. Десек те, отандық қылмыстық-процестік құқығында анықталған соттылықтың түрлерінің (тектік (пәндік), аумақтық, дербес, балама (жағдайларға қатысты) ішінде жалға берілген аумақта орын алған қылмыстарға қатысты соттылық айқындалмаған.

Осы себептен, қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтарын толыққанды жүзеге асыру үшін ҚПК-де соттылықтың уақытша-аумақтық ұғымын айқындау арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет деп ойлаймыз.

Нақтылағанда, 600-2-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Байқоңыр қалалық соты бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет етеді және «Байқоңыр» кешенінде, Қармақшы ауданының Төретам, Ақай ауылдық округтарының аумағында орын алған барлық қылмыстық істер, егер олардың соттылығы осы Кодексте көзделген жағдайларда өзгертілмеген болса, осы соттың соттылығына жатады.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер қылмыстық құқық бұзушылық «Байқоңыр» кешенінің аумағында басталып, басқа соттың қызметі жерінде аяқталса, істі тергеп-тексеру аяқталған

жерінің соттылығына қарамастан, Байқоңыр қалалық сотының соттылығына жатады.».

3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілгендерді қоспағанда, соттылық туралы мәселе жалпы тәртіпте реттеледі.».

2 Қазақстан республикасы мен ресей федерациясының үкіметі арасындағы «байқоңыр» кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісім талаптары орындалуын қамтамасыз ету

2.1 «Байқоңыр» кешенінің аумағына арналған Мемлекетаралық келісімнің ұлттық қылмыстық-процестік заңмен арақатынасы

Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары, сондай-ақ халықаралық шарттар біздің құқықтық жүйеміздің құрамдас бөлігі болып табылады [20]. Біз әлемдік жаһандану процесінде өмір сүрудің жақсы және қауіпсіз жағдайлары үшін үнемі өзара әрекеттесу қажет деп санаймыз. Бұл өзара әрекеттесу қазіргі әлемдегі кез-келген проблемаларды жоюға ықпал етеді. Солардың ішінде қоғамдағы қылмысқа қарсы күрес мәселесінде маңызы орасан зор болып табылады. Одан басқа, көптеген түрлі проблемаларды тізімдеп көрсетуге болады, бірақ оларды біріктіретін бір нәрсе – бірлесіп шешу қажеттілігін көрсетуге болады.

Осының негізінде халықаралық құқық бір мемлекеттің екінші мемлекетке әсер ету құралы емес, халықаралық қатынастарды реттеушісі болып табылады. Қазіргі халықаралық құқыққа қатысты сана мемлекеттердің, сондай-ақ адам мен мемлекеттің бірлігінде қалыптаспағандықтан оны анықтау мүмкін емес.

Кез-келген қоғамның құқықтық жүйесіндегі маңызды рөлді құқықтық сана иеленеді. Құқықтық сана ұғымы идеяларды, сезімдерді, эмоциялар мен пікірлерді, қолданыстағы құқықты бағалауларын және жеке адам идеалды түрде көргісі келетін құқыққа байланысты көзқарастарды қамтиды [56].

Құқықтық сана құрылымдық жағынан идеология мен психологиядан тұрады. Егер біз құқықтық сананы идеология ретінде қарастыратын болсақ, онда біз құқықтық идеялар, әртүрлі теориялар мен доктриналар туралы сөз қозғауымыз қажет. Психология тұрғысынан құқықтық сана – бұл өмірдегі

құқықты қабылдау процесінде пайда болатын эмоциялар, сезімдер. Құқықтық сананы жеке және жалпы құқықтық санаға, қарапайым және ғылыми, кәсіби және кәсіби емес деп бөліп қарастыруға болады [57]. Құқықтық сананың түрлері, тіпті тарихи түрге бөлінеді, мысалы: құлдық, феодалдық, буржуазиялық, социалистік. Құқықтық сананың қанша түрі болмасын әрбір құқықтық сананың негізінде белгілі бір адамның немесе жеке адамдар қауымдастығының құқықтық санасы жатыр. Түйіндегенде, құқықтық сана қоғамда үлкен рөл атқарады.

Дамыған тиісті құқықтық сана қоғамдағы қылмыс деңгейіне, жеке адамдардың құқықтарын жүзеге асыруына, тұтастай алғанда мемлекеттегі қоғамдық тұрақтылық мәселелеріне әсер етеді. Біздің ойымызша, құқықтық жүйенің қазіргі жағдайында құқықтық сананың жаңа, өзекті түрін құру үшін жұмыс істеу керек. Себебі, жаһандану процесі әлемді біртұтас біріктірілген жүйеге айналдыруды білдіреді. Бүгінгі таңда, барлық мемлекеттер бір-бірімен үздіксіз байланыспен өзара әрекеттестікте дамып жатыр. Бұл, өз кезегінде, ұлттықтан жоғары құқықтың және сәйкесінше заңнаманың болуын, сонымен қатар қоғамдық қатынастарды реттеуде мемлекетаралық байланыстар шеңберінде емес, сондай-ақ мемлекет ішіндегі мәселелерді анықтайды. Қазақстан Республикасы халықаралық құқық нормаларымен үнемі өзара әрекеттестікке түседі.

Біздің ойымызша, ҚР мемлекеттер арасындағы байланыстың оңтайлы жағдайын қалыптастыруы қажет. Бұған адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын абсолютті тану арқылы қол жеткізуге болады. Бұл ретте, әрбір мемлекет өз азаматтарының мүддесі үшін басқа азаматтардың және басқа мемлекеттердің мүдделерін бұзуға, өз көзқарасын, сондай-ақ демократияны мәжбүрлеп танытуға немесе мемлекетішілік істерге араласуға тырыспауға тиіс.

Демек, егер әрбір мемлекетте адам мен азаматтың құқықтары ең жоғары құндылық болып табылса, халықаралық немесе мемлекетаралық құқықтық сана тиісті түрде қалыптасады.

Бірақ та, «Байқоңыр» кешенінің аумағында Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары бастаған қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруда дәлелдемелерді жинау бойынша процестік нормаларды қолдануда әртүрлі тәжірибелер мен заңнамалық базалар болуына байланысты қылмыстық қудалау орбитасына түскен адамдардың құқықтарын қорғау мәселе жағдайды күрделендіреді.

Бұл мәселені шешуде қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы РФ құқық қорғау органдарының қатысуымен жүзеге асырылатын бірлескен процестік әрекеттердің шетелдік және отандық тәжірибесіне тоқталған жөн.

1990 жылдардың екінші жартысынан бастап РФ халықаралық шарттарында бірлесіп іс жүргізу туралы ережелер енгізіле бастады. Мемлекетаралық келісімнің 8-бабы негізінде Ресей мен Қазақстанның құқық қорғау органдары жекелеген қылмыстарды тергеу үшін бірлескен жедел-тергеу топтарын (бригадаларын) құра алады. Бұл ретте, қылмыстық іс нақты қай мемлекеттің құқық қорғау органдарының өндірісінде болса, сол мемлекеттің қылмыстық-процестік заңнамасы қолданылады.

Ал, РФ мен Армения Республикасы (бұдан әрі - АР) арасындағы 1997 жылғы АР аумағында Ресей әскери базасының болуымен байланысты істер бойынша юрисдикция және өзара құқықтық көмек мәселелері жөніндегі келісімнің 7-бабында бірлескен процестік әрекеттерді жүзеге асыру көрсетілген: «...қылмыс жасаған адам анықталмаған кезде Тараптардың құзыретті органдары қылмыстың іздерін бекіту, оны жасаған адамды анықтау және ұстау жөніндегі шараларды бірлесіп айқындайды» [58]. Біздің ойымызша, «Байқоңыр» кешенінің аумағында құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесуі осы норма тектес қалыптастырған жөн.

Енді құқық қорғау қызметінің халықаралық стандартына тоқталатын болсақ, бірқатар халықаралық құжаттардың негізінде мемлекеттер арасында құқық қорғау органдарының халықаралық ынтымақтастығына қатысты көптеген көпжақты шарттар жасалады. Құқық қорғау органдары қызметінің

барлық стандарттары адам мен азаматтың халықаралық-құқықтық мәртебесінің өлшемі болып табылады. Осы стандарттар жіктелуінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар, олардың ешқайсысы жалпыға бірдей қабылданбаған. Құқық қорғау саласындағы барлық стандарттар ҚР құқық қорғау органдарының күнделікті қызметінің тиімді механизмін қалыптастыруға қызмет ететінін ескерген жөн.

Құқық қорғау қызметінің халықаралық стандарттарын дамыту екі бағыт бойынша:

- мемлекетте құқық қорғау қызметі қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған адамның халықаралық-құқықтық мәртебесін айқындау арқылы;
- құқық қорғау органдары қызметінің халықаралық стандарттарын қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады [59; 42, 136-б.].

Адам құқықтарына арналған барлық құжаттар жалпы сипатта болады, бірақ олар міндетті түрде құқық қорғау органдарының қызметін реттеуге сәйкес келтірілуі керек, өйткені осы құжаттарда бекітілген стандарттарды сақтамай, құқық қорғау органдары қызметінің стандарттары туралы сөз қозғау мүмкін емес.

Бұл тұжырымдаманың мәнін талдамас бұрын «стандарт» терминіне тоқталу қажет.

С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігіне сәйкес, стандарт бір нәрсенің қасиеті, белгісі, сапасы бойынша сәйкес келетін, қанағаттандыратын үлгі болып табылады. Сондай-ақ, стандарт ретінде шаблон, трафарет, жалпыға бірдей нәрсенің түсінілетінін көруге болады [60]. Алайда «стандарт» термині ғылыми заң әдебиеттерінде адам құқықтарын қамтамасыз ету эталонын білдіру үшін кеңінен қолданылады. Мысалы: «адам құқықтары саласындағы жалпыға бірдей танылған стандарттар», «адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар», «адам құқықтарының еуропалық стандарттары». Олармен қатар, «халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары», «адам құқықтары мен бостандықтарының жалпыға бірдей

танылған тұжырымдамасы» [61], «адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқықтық актілер» және т.б. сияқты ұқсас ұғымдар қолданылады.

Заң ғылымында «адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар» терминінің құқықтық анықтамасы туралы біркелкі түсініктер қалыптаспаған. Осы себептен, белгілі бір мемлекетке қатысты адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру деңгейін жалпылама сипаттау мүмкін емес. Адам құқықтары ғылымында бір-біріне қарсы тұжырымдамалар қалыптасқан: әмбебап тұжырымдамасы және мәдени релятивизм тұжырымдамасы. Бірінші тұжырымдаманың жақтаушылары адам құқықтарының заңнамаларда көзделуін қолдайды [62].

«Бірқатар авторлар, атап айтқанда В.Д. Зорькин мен К.А. Будаев осы ұстанымды негіздей отырып, барлық конституцияларда халықаралық құқық нормаларын ұлттық заңнамада қолдануға және адам құқықтарын халықаралық құқықтық қорғауға жол беретін ережелер бар екендігін атап өткен» [63].

«М.В. Баглай «халықаралық стандарттар Конституциялық немесе өзге де регламенттеу болмай, бірлесіп қолдану жағдайларында немесе қолдану кезінде қарама-қайшылықтар туындағанда мемлекеттік регламенттеу деңгейін айқындайтын нормативтік минимум ретінде ғана емес, дербес нормативтік реттеушінің мәніне ие болуы мүмкін» - деген тұжырымды алға тартты» [64, 163-б.].

Ғалымдардың келесі бір тобы қарама-қарсы көзқарасты ұстанады. Атап айтқанда А.А. Каширкина адам құқықтарының эталоны барлық мәдениеттер мен өркениеттерді әмбебап қабылдаған және мәдениеттер мен өркениеттердің интернационализациясы сияқты қол жеткізілуі қиын құбылыс екенін көрсетті» [69]. «С. Рогожин де сыни көзқарасты ұстанып адам құқықтары батыс мәдениетінің жемісі ретінде әрекет ететінін, сондықтан басқа мәдениеттер мен өркениеттер үшін органикалық емес екенін атап өткен» [65].

«Осылайша, адам құқықтарының халықаралық стандарттары туралы айта отырып, олар біржақты түсіндіруге болмайтын күрделі және көп қырлы

құбылыс екенін айту қажет. Бір жағынан алып қарағанда, егер, адам құқықтарын қорғау тек ұлттық мәдени ерекшеліктерге негізделсе, онда адам құқықтарының бұзылуы ұлттық құқық жүйесінде заңдастырылуы мүмкін. Ал, екінші жағынан адамның әмбебап құқықтарын іске және жүзеге асыру кезінде белгілі бір халықтың ділін, мәдениеті мен дәстүрлерін ескермеуге де жол берілмейді.

Сондықтан біз Д.И. Луковскаяның адам құқықтарының әмбебаптығы, демек, адам құқықтары саласындағы стандарттар әртүрлі дәстүрлер мен құндылықтарға байланысты ұқсамайтын мәдениеттерді қабылдау плюрализмін, сондай-ақ оларды «ендіру» тәсілдерін түсіндіруді қамтамасыз етуі қажет деген пікірімен келісеміз» [66].

«Әр елдің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық және географиялық жағдайлары әртүрлі болғандықтан, стандарттарды барлық жерде және бір уақытта қолдануға болмайды. Алайда, стандарттар мемлекеттердің оларды жүзеге асыру жолында тұрған практикалық қиындықтарды жеңуге деген тұрақты ұмтылысын тудыруы қажет» [67].

Басқаша айтқанда, халықаралық стандарттарды құрудың мақсаты адам құқықтары саласында біріздендірілген заңнаманы құру емес, оның негізінде мемлекеттер адам құқықтары бойынша өздерінің ұлттық заңнамалық базасын құратын модельдерді әзірлеу мүмкіндігі болуы керек.

Материалдық және процестік нормаларының арақатынасы, оның ішінде қылмысқа қарсы цикл ғылымдары туралы мәселелерде пікірталас орталарының бірі болып табылады [68]. Бұл жағдайда мұндай қатынас құқықтық координаттардың әр түрлі нүктелерінде, дәлірек айтсақ – ұлттық және халықаралық шекараларда болуы мүмкін. Тиісінше, әр түрлі деңгейдегі нормалар осы екі тәуелсіз құқықтық жүйеде бір уақытта көрінуі мүмкін [69].

Алайда, ұлттық нормалардан басқа халықаралық-құқықтық нормалар қосылған кезде бәрі күрделене түседі, осылайша, нақты құқықтық қатынастардың құрылымы екі есе артады. Отандық теорияда, сондай-ақ

тәжірибеде халықаралық және мемлекетішілік құқықтың өзара іс-қимыл мәселелері бойынша бірыңғай әзірленген ұстанымның болмауына байланысты бірқатар пікіпталастар туындаған [70]. Халықаралық нормалар мен ұлттық нормалар бір-біріне әрекет ете алмайды деген пікірмен келіскен жөн [71], өйткені олар бір-біріне енеді. Сонымен қатар, ұлттық құқықтағы халықаралық құқықтың ережелерін іске асыруға және мұндай нормалардың құқықтық сипатын анықтауға қатысты мәселе әлі де ашық, себебі ғалымдардың біркелкі көзқарастары жоқ.

Бұл мәселеге қатысты дау-дамайға бармай, қылмысқа қарсы күрестегі заң нормаларының реттілігі тәртібінде қарастырамыз.

Бүгінгі таңда «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдары бастаған қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыру мәселелері бойынша бірегей нормативтік құқықтық база мен құқықтық жағдай қалыптасқандығын атап өткен жөн.

Енді қалыптасқан құқықтық жағдайды талдау жүргізу арқылы көрсететін болсақ, 2023 жылы РФ құқық қорғау органдарынан ҚР құқық қорғау органдарына – 418 (2022 жылы – 428) қылмыстық іс жолданған. Осы қылмыстық іс материалдары бойынша қылмыстық қудалауды жалғастыруда ақтау негізімен 166 (134), ақтау негізінсіз 60 (75) қылмыстық іс тоқтатылған. Сондай-ақ, 100 (96) қылмыстық іс материалдары түрлі себептермен қылмыс құрамының жоқ болуына байланысты қараусыз қалдырылып, номенклатуралық істе сақталуда. РФ құқық қорғау органдарының жинаған дәлелдемелерінің жеткіліксіз болуына байланысты 37(11) қылмыстық істер кері жолданған. Яғни, РФ келген қылмыстық істер 72 (56) % түрлі себептерге байланысты логикалық тұрғыдан өз мәресіне жете алмауда.

Бұның басты себебі – екі елдің заңнамасын қолдануда және юрисдикцияны ажыратудағы материалдық және процесік заң нормаларының өзгешеліктеріне байланысты туындап отыр. Мұндай қарама-қайшылықтар

әрдайым РФ құқық қорғау органдарының тарапынан бірқатар наразылықтар, сондай-ақ жәбірленушілер тарапынан әлеуметтік шиеленістерді тудырады.

Осы ретте, «Байқоңыр» кешенінің аумағында халықаралық қатынаста қылмыстық қудалауды жалғастыруда бірқатар қылмыстық-процестік нормалар материалдық қылмыстық-құқықтық ережелерге тікелей байланыстығын, ал жекелеген жағдайларды бөлек тұратындығын көруге болды.

Мысалы, ұрлық қылмыстары бойынша РФ ҚК-де залал мөлшері көрсетілмеген, тек жәбірленушінің өзінің айтуы бойынша келтірілген зиянның елеулі немесе елеулі еместігі анықталады, ал ҚР ҚК-де қылмыстық құқық бұзушылықтардың дәрежесі нақты келтірілген зиянның мөлшерімен анықталады. Сонымен қатар, РФ «қылмыстық теріс қылық» ұғымы жоқ. Бұл РФ заңымен кейбір қылмыс санаттары бойынша қылмыс жасауға оқталғаны үшін құқыққа қайшы әрекеттерді ҚР заңнамасымен теріс қылық болып танылуына байланысты және теріс қылыққа оқталғаны үшін жауаптылықтың болмауына байланысты қылмыстық қудалау тоқтатылады. Ал, кейбір құқыққа қайшы әрекеттер РФ қылмыс болып табылғанмен ҚР әкімшілік құқық бұзушылық құрамын құрайды немесе мүлдем құқық бұзушылық құрамын құрамайды.

Одан басқа, «Байқоңыр» кешенінің аймағында РФ келген қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалауды жалғастыруда халықаралық ынтымақтастық контексіндегі келесі мәселе халықаралық шартқа сілтеме жасай отырып қылмыстық істерді тоқтату мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

ҚР ҚПК-нің 37-бабында «сот бойынша ақталған адам, сол сияқты өздеріне қатысты қылмыстық істі осы Кодекстің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдікті, айыпталушы, сотталушы ақталуға, яғни олардың құқықтары қалпына келтірілуге тиіс және оның ҚР-ның Конституциясында кепілдік берілген

құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуге болмайды» - деп көрсетілген.

Десек те «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарымен күдікті ретінде танылып процестік шешімдер қабылданған тұлғаларға қатысты қылмыстық істер ҚР құқық қорғау органдарына берілгенде, қылмыстық қудалаудың орбитасына түскен адам қорғануға құқығы бар куә ретінде танылып, дәлелдемелердің жеткіліксіз болуына байланысты қылмыстық қудалау тоқтатылатын жағдайлар бар.

Бұл ретте, қорғануға құқығы бар куәларға қатысты РФ немесе ҚР заңнамасы бойынша ақталу, қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтету механизмдері қарастырылмаған.

Сондықтан, ҚР ҚПК-де халықаралық шартқа сілтеме жасай отырып қылмыстық істерді тоқтату және ақталу, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

«Сот үкімі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының (*бұдан әрі – ЖС қаулысы*) 18-тармағына сәйкес кінәсіздік презумпциясы шеңберінде және Қылмыстық-процестік кодекстің 19-бабына сәйкес айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол анық дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

Алайда, «Байқоңыр» кешенінің аумағында ҚР құқық қорғау органдары кінәсездік презумпциясын қамтамасыз ету мақсатында күттірмейтін *оқиға болған жерді қарау, айғақ заттарды алу, тінту түріндегі тергеу әрекетін* жүргізе алмайды, бұларды РФ құқық қорғау органдары екі елдің арасында жасалған Келісімнің 5-бабына сәйкес өз елінің заңының талаптарымен жүргізіп береді. Ал, ҚР құқық қорғау органдары тек қылмыстық істер бойынша *жәбірленушілер мен куәлердан РФ құқық қорғау органдары өз елдерінің заңдарына сәйкес алынған жауаптарды қайта ҚР заңына сәйкес алу негізінде қылмыстық істерді сотқа жолдайды* немесе РФ құқық қорғау органдары

жинаған дәлелдемелер ҚР ҚПК-нің талаптарына сәйкес келмесе, сондай-ақ өз дәлелдерін тапса, қылмыстық қудалауды тоқтатады.

Нәтижесінде, бұндай тергеу әрекеттері РФ құқық қорғау органдарынан келген қылмыстық істерді жалғастыруда ҚР заң нормаларында көрсетілген дәлелдемелерді жинау ерекшеліктеріне байланысты елеулі проблемалық мәселелер туындатады. Сондай-ақ, РФ заңымен қылмыстық істер бойынша жүргізілген сараптамалар ҚР заңымен қайта жүргізілгенде, өзгеше сипатқа ие болады, ал бухгалтерлік сараптамаларға қатысты сарапшылар мен мамандардың біліктіліктері ҚР заңнамасына сәйкес болуына байланысты РФ заңнамасымен жүргізілген сараптамаларды қайталап жүргізе алмайды.

Қазіргі уақытта фото, аудио және бейне техниканың қарқынды және тұрақты дамуы, оның қоғам өмірінің барлық салаларына терең енуі, ақпарат алу және коммуникация жүйесінің түбегейлі өзгеруі, әлемде маңызды орын ала бастады. Көптеген ғалымдар техниканың бұндай революциясы дәлелдеудің түбегейлі жаңа әдісін жасайтынын атап көрсетеді.

Тиісінше, қазіргі заманғы технологияларды жетілдіру және енгізу, оларды дәлелдеуде қолдану мүмкіндігі ғылыми-техникалық құралдарды қолдана отырып алынған дәлелдемелердің рөлі мен маңыздылығын түсіну қажеттілігін тудырады.

Ғылыми-техникалық прогрестің дамыған заманауи жетістіктері құқық қорғау органдарының қылмысқа қарсы күрестегі қызметін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету туралы мәселені алға тартады. Ғылыми-техникалық қамтамасыз етілу нәтижелері қылмыстық процесте дәлелдеу құралдарын жетілдірудің іргелі көздерінің бірі болып табылады. Қылмыстардың материалдық іздерін ғана емес, оларды табу және алу әрекеттерін «техникалық» дәлдікпен, объективтілікпен тіркеуге мүмкіндік беретін аудио, фото, және бейнежазба құралдары қылмыстық процесте дәлелдеу үшін маңызы бар әмбебап құрал болып табылады. Бұл ретте, көрсетілген бекіту құралдарының хаттамадағы сипаттаманы қоса алғанда, тиісті мәліметтерді тіркеудің дұрыстығы мен

толықтығы, айқындылығы мен сенімділігі тұрғысынан барлық өзге құралдармен салыстырғанда артықшылықтары болады.

Біздің ойымызша, «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді жинауда маңызды мәселелердің бірі сандық ғылыми-техникалық құралды пайдаланып дәлелдеу құралдарын қолдану әдістерін заңдастыру болып табылады. Қылмыстық-процестік заңнамасы техникалық құралдарды пайдалануға тікелей тыйым салмайтынына қарамастан, оның өзінде қосымша дәлелдемелер алудың осы әдісінің дұрыстығына кепілдік беретін нормалар жоқ.

Ғалымдар ашық қолжетімді арнайы бағдарламалардың көмегімен кез-келген аудио, бейнежазбаны адамның өзі қалағандай оңай өзгертуге болатындығына назар аударады [72]. Осы арқылы дәлелдемелерді бұрмалау мәселесі шиеленісе түсті, демек, қылмыстық-процестік қатынастардың белгілі бір субъектісі кінәсінің фото, аудио және бейне дәлелдеріне белгілі бір сенімсіздік пайда болды.

Бұл мәселені шешуде В.Л. Будниковтың көзқарасымен келісуге болады. Ол тергеу әрекеттері барысында алынған цифрлық деректерге түзетулер енгізу мен редакциялау үшін мүмкіндіктер беретін бағдарламаларды бекіту құралының бағдарламаларынан алып тастауды және аталған бағдарламалардың жоқтығына прокурордың сандық қолын қою арқылы тексеріс жүргізу қажет деп санайды [73].

Мәселенің келесі қыры тергеу әрекеттерінің хаттамасында көрсетілген деректерді дәлелдеу және растау әдісі ретінде қылмыстық процестің шеңберінде бейнежазбаны қолдану болып табылады.

Тоқталар болсақ, тергеу жүргізу барысында бейнежазбаны қолдану бей-берекет әрекеттерге әкеліп соғатындығы, оны қиындататындығы, хаттама толтыру арқылы бірдей мәліметтерді алуға көп уақыт жұмсалатындығы, тергеушіні техникалық және ұйымдастырушылық қолдауға көбірек көңіл бөлуге мәжбүр ететіндігі және әдетте, кейбір процестік қиындықтарды

тудыратындығы жөнінде бірқатар көзқарастар қалыптасқан [74]. Бұл тергеу әрекеттерін жүргізуге уәкілетті адамдардың қоршаған ортаны бекіту құралы ретінде тек хаттаманы қолдануға дағдыланғанын және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің белгіленген шеңберінің, яғни мерзімдерінің шектеулі болуы мән-жайды қосымша бейнежазбаға түсіру мүмкіндігінің шектелгендігін көрсетеді.

РФ заңгері А.А. Левидің айтуынша, хаттама жазбаша құжат ретінде фото және бейнежазбаға қарағанда, аз ақпаратты қамтиды, өйткені барлық бекітілуге жататын құбылыстарды жазбаша түрде түрлі-түсті және нақты сипаттауға мүмкін емес (мысалы, мәйіттің күрделі позасын).

Көптеген ғалымдар қылмыстық процесте аудио және бейнежазбаларды қолдану мүмкіндігі туралы мәселені оң қарастыруда. Тергеу әрекеттерін тіркеудің қосымша құралдарының тәуелсіз дәлелді мәні туралы мәселені қозғаған алғашқы ғалым В.Т. Томин [75]. Ол 1991 жылы бейнежазбаға жеке және тәуелсіз дәлелдеу көзі мәртебесін беруге назар аударды. А.В. Белоусов осы пікірмен келісе отырып, бейнежазба тергеу әрекеттері кезінде алынған ақпаратты объективті түрде түсіруге мүмкіндік береді және қылмыскерлерді әшкерілеуде маңызды мәнге ие деп қосады.

Осы ретте, «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте қылмыстық қудалау орбитасына түскен тұлғалардың құқықтарын сақтау үшін Мемлекетаралық келісім де РФ құқық қорғау органдары жүргізіп ҚР құқық қорғау органдарына жалғастыру үшін жолдайтын қылмыстық істер бойынша барлық тергеу әрекеттері, сараптама жүргізген сарапшылардың түсіндірулері аудио, бейне таспаға жазылу арқылы берілетін норма қарастыру қажет деп ойлаймыз.

Бұл, біріншіден, күдіктілердің тарапынан туындаған даулы мәселелерді шешеді, екіншіден, ҚР құқық қорғау органдарының жұмысын жеңілдетеді және жеделдетеді.

Мысалы, «Байқоңыр» кешенінің аумағындағы құқық қорғау органдары жүргізетін тергеу әрекеттерінің ішінде жауап алу кезінде аудио-, бейнежазбаны қолдану арқылы жүргізудің маңыздылығын қарастырайық, өйткені РФ құқық қорғау органдары тергеу әрекеттерін жүргізіп, ҚР құқық қорғау органдарына жолданатын қылмыстық істер бойынша қайта жауап алу кезінде түрлі келіспеушіліктер орын алады.

1) аудармашының қатысуымен жауап алу. Бұл жағдайда бейнежазбаны қолдану, ең алдымен, сотталушының (куәгердің) жауап алу хаттамасында қате аударым жазылғандығы туралы сотта мәлімдемесін жоққа шығаруға мүмкіндік беретіндіктен орынды. Айыптаушы тараптың тиісті өтініші бойынша сотқа төрағалық етуші бейнежазба негізінде аударманың дұрыстығын растайтын басқа аудармашыны сотқа шақыруға тиіс. ҚР ҚПК 117-бабына сүйене отырып, аударманың дұрыстығын мұндай растау сот отырысында айғақтар беру түрінде немесе бейнежазбамен танысқаннан кейін маманның қорытындысы түрінде болуы мүмкін;

2) адамнан кінәсін мойындаған кезде жауап алу. Бейнежазба арқылы адамнан жауап алу барысында оған физикалық немесе психикалық қысым көрсетілмегені және айғақтар беруінің еріктілік фактісі, тергеушінің жетелеуші сұрақтар емес, нақтылайтын сұрақтар қойғандығы және т.б. сол сияқты іс үшін маңызды деректер тіркеледі. Кейбір жағдайларда адамға жауап алу барысындағы бейнежазбасын көрсету, болашақта оның айғақтарды өзгерту мүмкіндігін шектеуге ықпал етеді;

3) айғақтарында білімнің қандай да бір саласынан мәліметтер, арнайы терминдер келтірілетін адамдардан жауап алу. Кейіннен тергеуші бейнежазбаны көрсетіп, маманнан түсініктеме сұрай алады. Ескеретін жайт, алғашқы жауап алу кезінде бейнежазбаны қолданбай маманның қатысуымен жүргізілсе, жауап алынып отырған адам мен тергеушінің арасындағы психологиялық байланысты анықтауға кедергілер келтірілуі мүмкін;

4) психикалық дамуында ауытқулары бар адамнан жауап алу. Бейнежазба негізінде психология немесе психиатрия саласындағы маман жауап алынушының жеке басы туралы қорытынды беру мүмкіндігін иеленеді. Сонымен қатар, жауап алудың бейнежазбасы психологиялық-психиатриялық сараптама жүргізу кезінде зерттеу үшін қажетті материал бола алады, өйткені сөйлеу ақпараты ғана емес, сондай-ақ психофизиологиялық реакциялар, жауап алынушының мінез-құлқының ерекшеліктері жазылады.

5) дене кемістігі (сөйлеу кемістігі, саңырау) бар адамнан жауап алу. Саңырау, мылқау адамдардан жауап алу кезінде қимыл арқылы ақпарат беру тілін білетін аудармашының қатысуы міндетті, оны тек бейнетүсірілім арқылы бекітуге болады.

б) жауап алушының жол картасы бойынша не жергілікті жерде объектілердің (құрылыстардың) орналасу суретінде көрсетуі және т.б. сол сияқты тактикалық тәсілдерді пайдаланып жауап алу. Жауап алудың мұндай тактикалық әдістеріне бейнежазбаны қолдану адамның жадында бірнеше жыл бұрын болған оқиғаларды қалпына келтіруге тырысқанда тиімді.

Нақтылағанда, ҚР құқық қорғау органдары РФ құқық қорғау органдары жүргізген тергеу әрекеттерінің, сарапшылары берген қорытындыларының аудио, бейне таспаларына қарау хаттамасын жүргізіп, заң талаптарына сәйкес келсе, айғақ ретінде тану қаулысын қабылдап қылмыстық істі сотқа жолдау мүмкіндігін иеленеді. Бұның негізінде сот қылмыстық қудалау орбитасына түскен адамдар жауаптарының анықтығына көз жеткізіп, туындаған даулы мәселелер бойынша қорытынды жасар еді.

Жоғарыда көрсетілгендерді тұжырымдайтын болсақ, тәжірибеде ҚР ҚПК-нің 4-бабы (*ҚР аумағында шет мемлекеттің қылмыстық-процестік құқығын қолдану*) толыққанды жүзеге асырылмауы және «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда күдіктілер тарапынан туындаған күмәнді, даулы мәселелердің көп жағдайда, шешімінің таппауы РФ құқық қорғау органдарының жүргізген күттірмейтін тергеу әрекеттерінің

аудио- және (немесе) бейнебақылауға түсірілмеу себебінен орын алуда. Осындай күмәнді, даулы мәселелер заң нормаларына өзгерістер мен толықтарулар енгізу арқылы шешіледі деп ойлаймыз:

Мемлекетаралық келісімнің 5-бабында:

- 1-бөлік «шұғыл» деген сөзден кейін «аудио- және (немесе) бейнебақылауға түсіру арқылы» деген сөзімен толықтырылсын;

- 3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қылмыс жасаған адам анықталмаған жағдайда Тараптардың құзыретті органдары қылмыстың іздерін бекіту, оны жасаған адамды анықтау және ұстау жөніндегі шараларды бірлесіп айқындайды.».

2.2 Қылмыстық істер бойынша «айғақтарды сақтауға қою» перспективалары

Бүкіл өркениеттік әлемде сот бақылауы функциясы, «*Nebeas Corpus*» рәсімі, сондай-ақ қорғау құқығының кепілдіктері, дәлелдеу тетіктері және адамгершілік пен әділ қылмыстық процестің басқа да стандарттарының дамуы формальды түрде сот талқылауының бәсекелестігіне өткен, айыптауға дәлел іздейтін ескірген кеңестік «аралас» сот ісін жүргізу жүйесін қайта қарау қажеттігін куәландырады.

«Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Конвенцияның» [76] 6-бабына сәйкес қылмыс жасады деп айыпталған әрбір айыпталушының кем дегенде куәгерлерден жауап алу, қарап-тексеру жүргізу, құжаттарды талап ету, сараптама тағайындау және басқа да тергеу әрекеттері туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Десек те, «ұлттық заң нормаларымен аталған құқықтар қамтамасыз етілгенмен, жалға алу жағдайында жұмыс істейтін «Байқоңыр» кешенінің аумағында толыққанды жүзеге асырылуына Мемлекетаралық келісімнің қажетті нормалардың болмауы кедергі келтіруде» [1].

Дәлелдемелерді дұрыс жинамау, көбінесе, кінәлілерді анықтауда қиындықтарға немесе әділетсіз шешімдер қабылдануға әкеп соғады.

Сондықтан, «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдары бастаған қылмыстық қудалауды ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруда қылмыстық істер бойынша «айғақтарды сақтауға қою» маңызды болып табылады.

Дәлелдемелік базаны қалыптастыруда РФ өзгеше ҚР сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде сот тарапынан бақылаушы орган ретінде тергеу судьясы институты әрекет етеді. Аталған институт тараптардың тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған тежеу мен тепе-теңдік процесінің кепілдігі, дәлелдемелерді жинауда бәсекелестіктің қазіргі жағдайын сапалы түрде жақсартуға мүмкіндік беретін бірден-бір құрал болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізіп дәлелдемелік базаны қалыптастыру кезінде, көп жағдайда, басымдықты айыптау тарапы алады, осы кезде айыптау мен қорғау тарапының арасындағы теңдікті, дәлелдемелер жинауда олардың арасында бәсекелестікті тергеу судьясы қалыптастырады.

«Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда екі ел арасындағы Келісім РФ құқық қорғау органдары мен ҚР құқық қорғау органдарының құқық бұзушылықтарға қарсы күрестегі байланыстарын реттейді.

Нақты айтқанда, «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыс жасаған адам ҚР және шетел азаматы (РФ азаматтарын қоспағанда) екендігі анықталған жағдайда, РФ құқық қорғау органдары алдын ала тергеу не анықтау шеңберінде қажетті іс жүргізу әрекеттерін жүргізгеннен кейін қылмыстық істер мен материалдарды, сондай-ақ тиісті адамдарды юрисдикциялық қатыстылығына байланысты прокуратура органдары арқылы ҚР құқық қорғау органдарына береді.

Алайда, тәжірибеде РФ құқық қорғау органдарынан келіп түскен қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруда, оның ішінде

куәлардан қайта жауап алуда олардың кейбіреулерінің алғашқы берген жауаптары дұрыс болмауына және күдіктілердің оларға қарсы сұрақтар қою мүмкіндіктері шектелуіне, сонымен қатар «Байқоңыр» кешенінің аумағына уақытша жұмыс істеуге іссапармен келген куәлардың тұрғылықты жері ҚР аумағынан тыс жерде болуына байланысты көптеген проблемалық мәселелерге кездеседі. Осы ретте, ҚР құқық қорғау органдары екі ел арасындағы Келісім талаптарын толыққанды қамтамасыз ете алмайтындығын және қылмыстық қудалау орбитасына түскен адамдар мен куәлардың әуре-сарсаңға салынатындығын, сондай-ақ сот ісін жүргізудегі бәсекелестік қағидасының сақталмайтындығын көруге болды.

Қылмыстық істер бойынша «айғақтарды сақтауға қою» институты қылмыстық сот ісін жүргізудегі бәсекелестікті дамыту шараларының бірі болып табылады. 2010 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Душанбе қаласында өткізілген конференцияның қатысушылары қорғаушының тергеушіге қарамастан, дәлелдемелерді жинауға процестік құқығы болуы қажет екенін атап өткен. Онда «Адвокаттарға тергеу органдарына қарамастан, дәлелдемелер жинаудың іс жүргізу мүмкіндігі берілуі тиіс. Егер адвокаттарға дәлелдемелерді, оның ішінде куәлар мен сарапшылардың айғақтарын сотпен бекіту (айғақтарды сақтауға қою) арқылы жинау құқығы берілсе, алдын ала тергеу сатысында тараптардың теңдігі қағидаты неғұрлым толық сақталатын болады... мұндай тәртіп адвокаттарға өздерінің іс жүргізу қарсыластарының ұстанымдарын басуға бейім болатын тергеу органдарына қарамастан дәлелдемелер жинау құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді» делінген [77, 14-б].

Демек, ҚР ҚПК көзделген тараптардың тең құқықтылығы қағидаты, егер қорғаушы сотта, соның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізу кезінде куә мен сарапшының айғақтарын «сақтауға қою арқылы» дәлелдемелер жинауды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болса, бұл қағидат сақталады.

«Айғақтарды сақтауға қою» институты алғаш рет Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі – АҚШ) мен Еуропаның процестік құқықтарында пайда болды. Аталған институт пайда болуымен бірқатар еуропалық мемлекеттер мен АҚШ процестік заңнамаларына енді. Куэ мен жәбірленушінің «айғақтарын сақтауға қою» тәжірибесін ұлттық заңнамаға қабылдау және бейімдеу қылмыстық-процестік дәлелдемелердің құрылымына қисынды түрде сәйкес келеді және ҚР тергеу мен сот практикаларының қажеттіліктері талап етеді.

Мәселенің келесі қыры, қылмыстық-процестік норма тергеу судьясының жәбірленуші мен куэдан жауап алуы (айғақтарды сақтауға қою) прокурордың, күдіктінің (ол болған жағдайда), қорғаушы ретінде қатысатын оның адвокатының, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокаттың, ал қажет болған жағдайларда процеске басқа да қатысушылардың қатысуымен жүргізіледі. Егер күдіктінің жауап алуға қатысуы жәбірленушінің, куэнің қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін болса, күдікті жауап алуға шақырылмайды деп айқындайды.

Тәжірибеде қылмыстық процеске қатысушылардың пікірінше, тергеу судьясының жәбірленуші мен куэдан жауап алуы (айғақтарды сақтауға қою) кезінде қатысуға құқығы бар адамдардың тізбесінде қорғалуға құқығы бар куэнің және оның адвокатының болмауы, Конституцияның әркімнің білікті заң көмегін алу (13-баптың 3-тармағы), ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалану (16-баптың 3-тармағы) құқықтары, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең және тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез-келген өзге де мән-жайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы (14-бап) туралы ережелеріне қайшы келеді.

Бірақ, Конституциялық Сот ҚПК-нің 217-бабы үшінші бөлігі ережелерінің конституциялылығын келесідей дәлелдермен негіздеген.

Қылмыстық процестің жаңа қатысушысы – қорғалуға құқығы бар куә заңнамалық тұрғыдан алғаш рет 2014 жылғы 4 шілдедегі ҚПК-де көзделді. Кейіннен оның процестік мәртебесі, құқықтары мен міндеттері Қазақстанның қылмыстық-процестік заңнамасын дамытуда нақтыланды.

Конституциялық Кеңестің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 1 нормативтік қаулысында «Қылмыстық-процестік кодекске енгізілетін түзетулермен қорғалуға құқығы бар куәнің құқықтық жағдайы өзгереді және оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктері күшейтіледі. Заңмен ол өз құқықтары мен мүдделерін немесе өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушыларға жатқызылады (Заңның 1-бабы 1-тармағының 1), 2), 5) және 8) тармақшалары). Мұндай регламенттеу өзіне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы болжам бар адамға ол сотқа дейінгі тергеп-тексеруге тартылған кезден бастап неғұрлым нақты процестік мәртебе беруге, оның конституциялық құқықтарын іске асыруға және қорғауға бағытталған, бұл Негізгі Заңның 13-бабының 1 және 3-тармақтарына және 77-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес келеді» деп атап өтілді.

ҚПК-нің 65-1-бабында адамға қорғалуға құқығы бар куә мәртебесін беру шарттары және оның құқықтық жағдайы айқындалады. Адам, егер ол қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызда және хабарда оны жасаған адам ретінде көрсетілсе не қылмыстық процеске қатысатын куә оған қарсы айғақтар берсе, бірақ бұл адамға процестік ұстап алу қолданылмаса не оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарылмаса, осы процестік мәртебені алады.

Қазіргі уақытта оның құқықтық жағдайы, жекелеген өзгешеліктерді қоспағанда, күдіктінің мәртебесіне барынша жақындатылды.

Конституцияның 13-бабының 3-тармағында әркімнің білікті заң көмегін алу құқығы бекітіледі. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге байланысты мәселелер «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі ҚР Заңымен, Республиканың процестік және өзге де заңдарымен регламенттеледі.

ҚПК-нің 67-бабының бірінші бөлігінде қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуы егер: бұл туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам өтінішхат берсе, процеске мұндай қатысушы кәмелеттік жасқа толмаса не дене немесе психикалық кемістігі салдарынан өзінің қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса және басқа да бірқатар жағдайларда міндетті деп көзделеді. Аталған жағдайда қорғаушыны күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның өзі, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ олардың тапсыруы бойынша басқа да тұлғалар шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізетін орган процестің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, бұл туралы адвокаттардың кәсіби ұйымы үшін міндетті қаулы шығарылады (ҚПК-нің 67-бабының үшінші бөлігі).

Заң шығарушы қылмыстық процесті жүргізетін органға, егер адвокатты жәбірленушінің өзі немесе оның заңды өкілі шақырмаса, кәмелетке толмағандар болып табылатын немесе сот ісін жүргізу тілін білмейтін не өзінің дене немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін адвокаттың қатысуын қамтамасыз ету міндетін жүктейді (ҚПК-нің 76-бабының екінші бөлігі).

Қазіргі уақытта заң шығарушы қорғалуға құқығы бар куәні мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар адамдардың тізіміне енгізбеген. Сонымен бірге, ҚПК-де оның өз бетінше немесе өзінің туыстары не сенім білдірген адамдары арқылы адвокатты қорғаушы ретінде шақыру және оның қатысуымен айғақтар беру құқығы көзделеді (65-1-баптың екінші бөлігінің 6) және 7) тармақтары). Бұл әркімнің білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығына (Негізгі Заңның 13-бабының 3-тармағы) сәйкес келеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша Конституцияның 13-бабының 3-тармағы мен ҚПК-нің 217-бабы үшінші бөлігі арасында қарама-қайшылықтар жоқ.

ҚПК 217-бабының үшінші бөлігі өзінің мазмұны бойынша Конституцияның 16-бабының 3-тармағына да қайшы келмейді, мұнда ұсталған адамның ұсталған кезден бастап, тұтқындалған адамның тұтқындалған кезден бастап, ал айыпталушының айып тағылған кезден бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар деп айқындалады.

Қорғалуға құқығы бар куә ұсталған адам, тұтқындалған адам не айыпталушы болып табылмайды және тиісінше осы мәртебеде оған аталған конституциялық ереже тікелей қолданылмайды.

Конституциялық Сот Конституцияның 14-бабында жазылған ережелерге қатысты Конституциялық Кеңестің адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға мүмкіндік беретін нақты шарттар мен мән-жайлар заңдарда айқындалатыны туралы құқықтық ұстанымын бұрын растаған болатын (Конституциялық Соттың 2023 жылғы 27 наурыздағы № 6, Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2, 1999 жылғы 29 наурыздағы № 7/2 нормативтік қаулылары және басқалар) [78].

Тұтастай алғанда, ҚПК нормаларына жүргізілген талдау өз құқықтары мен мүдделерін немесе өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын, процеске тиісті қатысушы процестік мәртебесіндегі әрбір адамның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге де мән-жайларға қарамастан, құқықтары мен міндеттерінің тең болуын көрсетеді.

Конституциялық Сот қаралып отырған қылмыстық-процестік норманың Негізгі Заңға қайшы келмейтінін атап өтіп, құқық қолдану практикасында айғақтарды сақтауға қою кезінде қорғалуға құқығы бар куәнің қатысу қажеттігі мәселесін шешуді тек тергеу судьясының қарауына қалдыру кейіннен осы

адамның күдікті (айыпталушы) мәртебесінде процестік құқықтарының шектелуіне алып келуі мүмкін деп пайымдайды.

Тергеу судьясының жәбірленушіден (куәдан) жауап алу рәсімі тараптардың жарыспалылық қағидатын іске асыру үшін қажет. Осыған байланысты қаралып отырған нормада көзделген күдіктінің (ол болған кезде) және/немесе оның қорғаушысының мұндай жауап алу кезінде қатысу міндеті өте маңызды. Алайда қылмыстық қудалау органының қорғалуға құқығы бар куәні күдікті мәртебесіне уақтылы ауыстырмауы оның процестік мүмкіндіктерін, оның ішінде тергеу судьясы жәбірленушіден (куәдан) жауап алу кезінде қатысу құқығын шектеуі мүмкін.

Жәбірленушінің (куәнің) айғақтары сақтауға қойылғаннан кейін күдікті (айыпталушы) деп танылған адамның өзіне қарсы көрсететін адамдардан жауап алу мүмкіндігінің болмауы да Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (2005 жылғы 28 қарашадағы ҚР Заңымен ратификацияланды) 14-бабы 3-тармағының е) тармақшасында көзделген ең төмен кепілдік туралы талаптарға толықтай сай келмейді [47].

Заң шығарушы бекіткен қорғалуға құқығы бар куәнің өзіне қарсы куә болғандармен беттесу (ҚПК-нің 65-1-бабы екінші бөлігінің 15) тармағы) құқығы ҚПК-нің жәбірленушінің (куәнің) айғақтарын сақтауға қою мәселелерін регламенттейтін ережелерімен жеткілікті дәрежеде сәйкес келмейді.

Тергеу судьясының кәмелетке толмаған куәлардан (жәбірленушілерден) жауап алуы (айғақтарды сақтауға қою) психикасын жарақаттаушы әсер етуді болдырмау үшін олардан кейіннен жауап алуды болдырмау мақсатында жүзеге асырылатыны туралы ереже (ҚПК-нің 217-бабының бірінші бөлігі) құқық қолдану практикасында қорғалуға құқығы бар куәнің осындай адамдармен беттесуді талап ету мүмкіндігін шектейді.

Айғақтарды сақтауға қою рәсімі де айғақтарды сақтауға қою кезінде сот отырысына қатысу құқығы (ҚПК-нің 70-бабы екінші бөлігінің 7) тармағы) берілген қорғаушының өкілеттігін бекітетін нормамен сәйкес келмейді.

Конституциялық Сот адамнан күдікті ретінде немесе қорғалуға құқығы бар куә ретінде жауап алу негіздерінің нақты аражігінің жоқ екенін де атап өтеді, бұл процеске аталған қатысушылардың құқықтық мәртебесіндегі айырмашылықтарға байланысты жауап алынатын адамның құқықтарына нұқсан келтіруге алып келуі мүмкін.

Мәселен, көзімен көргендер (куәлар), оның ішінде жәбірленушілер адамды қылмыс жасаған адам ретінде тікелей көрсететін жағдай сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға мұндай адамнан күдікті ретінде не қорғалуға құқығы бар куә мәртебесінде өз қалауы бойынша жауап алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте ҚПК-де жол берілетін қалаудың нақты өлшемдері, шекарасы мен шарттары айқындалмаған, бұл құқық қолданушыға оны өз бетінше интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, заң шығарушы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қандай мерзімде және қандай мән-жайлар туындаған кезде қорғалуға құқығы бар куәні күдікті мәртебесіне ауыстыратынын немесе керісінше, оны өз құқықтары мен мүдделерін немесе өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын қылмыстық процеске қатысушылар тобынан шығаратынын айқындамаған.

Атап өтілген мәселелер қорғалуға құқығы бар куә мәртебесінде болатын адамның құқықтарын қорғауды құқықтық регламенттеудің жеткіліксіздігін және процеске осы жаңа қатысушының құқықтық жағдайына байланысты қылмыстық-процестік нормаларды одан әрі жетілдіру қажеттігін куәландырады.

Жоғарыда көрсетілген институт пайда болған құқықтық жүйесіне байланысты англо-саксондық дәлелдеу теориясының ерекшеліктері осы диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде қарастырылды.

«Айғақтарды сақтауға қою» институтының шетелде қолданылу тәжірибесіне тоқталатын болсақ, «АҚШ Федералды заңнамасына сәйкес

«айғақтарды сақтауға қою» сот талқылауы кезінде бұрын алынғандарды қамтитын арнайы процесік әрекеттер ретінде қарастырылады» [79].

«Қылмыстық істер бойынша «айғақтарды сақтауға қою» институты азаматтық істерде қолданумен ұқсас тұжырымдалған, десек те белгілі бір айырмашылықтарды қамтиды:

- АҚШ-тың тарихи қалыптасқан құқықтық жүйесіне ғана тән қарсы сұрақ қою ерекшелігі тек басты сот процесінің ережелері шеңберінде жүргізілуі тиіс;

- айыпталушының сот талқылауында куәнің дұрыс емес берген жауаптарының жолын кесумен ұқсас нысанда өзінің қорғануға құқығы бар» [80].

Бұл нормалар ұлттық заңнамамен қамтамасыз етілгенмен, өкінішке орай, объективті себептерге байланысты «Байқоңыр» кешенінің аумағында ҚР азаматтары мен шетел азаматтарына қатысты РФ құқық қорғау органдары қылмыстық қудалауды бастап, қажетті алдын ала тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде пайдалана алмаймыз, себебі екі елдің арасындағы Келісімде қылмыстық істер бойынша «айғақтарды сақтауға қою» мүмкіндіктері қарастырылмаған.

Мәселенің келесі қыры, Мемлекетаралық келісім де аталған мүмкіндіктер қарастырылған жағдайда, қай елдің құқық қорғау органдары «айғақтарды сақтауға қоюды» қамтамасыз етулері қажеттігіне байланысты сұрақтар туындайды.

А.С. Шейфердің пайымдауынша, «тергеу әрекеттерін жүргізудің құқықтық (заңды) негіздері тергеушінің тергеу жүргізуге жалпы өкілеттіліктерінің болуы қажет» [81].

Сондықтан, Мемлекетаралық келісім де «Байқоңыр» кешенінің аумағында орын алған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар санаттары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру РФ құқық қорғау органдары мен ҚР құқық қорғау органдары бірлесіп ведомствоаралық тергеу, жедел-тергеу тобын құру арқылы жүргізу ережесін қарастыру керек деп есептейміз.

ҚР тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алуының (айғақтарды сақтауға қою) жалпыланған және ресімделген заңды негіздері ҚПК-нің 217-бабының бірінші бөлігінде бекітілген. Олар сотқа дейінгі тергеу немесе сот отырысы барысында кейінірек жауап алу объективті себептерге байланысты мүмкін болмайтын ең типтік тергеу жағдайларын көрсетеді.

Нақтылағанда, Қазақстанның заң шығарушы органы жәбірленушінің, куәнің сотқа келуіне кедергі келтіретін бірқатар объективті мән-жайларды атап айтқанда:

- 1) ҚР шегінен тыс жерде тұрақты тұруын;
- 2) шетелге шығуын;
- 3) денсаулығының ауыр жағдайын;
- 4) қауіпсіздік шараларын қолдануды;
- 5) психикасын жарақаттаушы әсер етуді болдырмау үшін кәмелетке толмаған куәлар мен жәбірленушілерді көрсеткен.

Дегенмен, тәжірибеде орын алуы мүмкін тергеушінің куәға әсері ескерілмеген деп ойлаймыз. Бұған қатысты Л.А. Воскобитовамен келісеміз: сотпен «айғақтарды сақтауға қою» қорғаушымен қол жеткізілген деректерге заңды күш берудің бір әдісі. Бұл, әсіресе қорғаушы тергеушінің және басқа адамдардың куәні қорқыту арқылы әсер ету түріндегі заңсыз іс-әрекетін немесе куәлардың жас ерекшеліктерін (мысалы, кәмелетке толмаған) көргенде және мұндай куәларды жауап алу үшін сотқа келуін қамтамасыз ете алмайтындығын түсінгенде өзекті сипатқа ие болады [82, 291-б.].

Одан басқа, отандық заңнамада қорғануға құқығы бар куәлардың ақталуға, қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтетуге құқықтарының қарастырылмауы «Байқоңыр» кешенінде РФ құқық қорғау органдары бастаған қылмыстық қудалауды ҚР-ның құқық қорғау органдары жалғастыруда қылмыстық қудалаудың орбитасына түскен адамдардың субъективті құқықтары объективті себептерге, оның ішінде заңнамалық базалардың жетіспеушіліктеріне байланысты елеулі түрде

бұзылуына жол беріледі. Мысалы, «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарымен күдікті ретінде танылып, процестік шешімдер қабылданған тұлғаларға қатысты қылмыстық істер ҚР құқық қорғау органдарына берілгенде, қылмыстық қудалаудың орбитасына түскен адам қорғануға құқығы бар куә ретінде танылып, дәлелдемелердің жеткіліксіз болуына байланысты қылмыстық қудалау тоқтатылатын жағдайлар бар. Осы ретте, қорғануға құқығы бар куәларға қатысты РФ немесе ҚР заңнамасы бойынша ақталу, қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтету механизмдері қарастырылмаған.

Сонымен қатар, ҚПК-нің 121-бабында «дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Дәлелдеу осы Кодекстің 23-тарауында көзделген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жүргізіледі». Ал «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарымен ҚР және шетел азаматтарына қатысты тергеліп жатқан қылмыстық істер бойынша ҚР басталған сотқа дейінгі тергеп-тексеру болмауына байланысты «айғақтарды сақтауға қою» туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге мүмкін емес.

Осыған байланысты «Байқоңыр» кешенінің аумағында Мемлекетаралық келісімнің талаптарын орындау және қылмыстық қудалау орбитасына түскен адамдардың субъективтік құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ҚПК арнайы тарау енгізіліп, онда «айғақтарды сақтауға қоюға» қатысты ерекше норма қарастыру қажет деп есептейміз.

Тәжірибеде қолданылып жүрген қылмыстық істер бойынша «айғақтарды сақтауға қою» және «бөтен адамдардың сөздерінен» - Hearsay айғақтар алуды ажырата білу қажет, себебі олар ұқсас процестік институттар болғанымен бірдей емес.

XVII ғасырдың аяғында ағылшын құқығында «бөтен адамдардың сөздерінен» айғақтарды алуға жол бермеу ережесі қалыптасты. Ағылшын қоғамындағы сотта жария айғақтар институтының біртіндеп даму кезеңінен бастап Hearsay дәлелдемелеріне жол бермеу туралы ереженің қажеттілігі туралы түсінік қалыптаса бастайды. «Бөтен адамдардың сөздерінен» алынған айғақтар «ертегілер туралы ертегілер» немесе «басқалардың аузынан шыққан әңгімелер» деп мазақ етілді. «Бөтен адамдардың сөздерінен» алынған ауызша айғақтар сынға ұшырауына байланысты жазбаша айғақтарды (қарсы сұрақ қою арқылы тексерістен өтпеген, судьяға немесе сот қызметкеріне ант беру арқылы құрастырылған айғақ хаттамасы) қабылдау мүмкіндігіне күмән туындай бастады. «Мұндай дәлелдердің жетіспеушілігіне тек анттың болмауы немесе бір адамның басқа адамның айтқаны туралы айғақтарының сенімсіздігі ғана емес одан да басқа себептер әсер етті. Тоқталар болсақ, көп жағдайда, олардың сынына жауап алу кезінде айғақтарды тексеру мүмкін еместігі және судьялардың куәлар айғақтарының дұрыстығын бағалау кезінде оның мінез-кұлқын тікелей бақылау мүмкіндігінің болмауы ықпал етті» [83].

Қазіргі ағылшын құқығында «бөтен адамдардың сөздерінен» айғақ алу құқығы егер ол айғақты берген адам анықталса, келесідей жағдайлар бірінің негізінде:

- 1) ол адам қайтыс болған жағдайда;
- 2) айғақ беруші соматикалық немесе психикалық жағдайына байланысты куә бола алмағанда;
- 3) куә Ұлыбританиядан тыс жерде және оны қамтамасыз ету мүмкін болмағанда;
- 4) оны іздеуге барлық ақылға қонымды шаралар қолданылғанымен табу мүмкін болмағанда;
- 5) ол қорқыныш себебінен сот отырысында айғақ беруден бас тартса және сот оның өтінішін дәлелдеме ретінде қабылдап рұқсат берсе

қанағаттандырылады (2003 жылғы қылмыстық әділет заңының 116-бабы) [84, 467-б.].

Н.В. Галяшиннің көзқарасы бойынша «іс бойынша «бөтен адамдардың сөздерін» жариялау түрінде алынған туынды дәлелдемелердегі нақты деректер бұл дәлелдеменің қаншалықты сенімді екенін және оның басқа дәлелдемелермен қаншалықты расталғанын ескере отырып, олардың жарамдылығы мен дұрыстығын бір мезгілде бағалағаннан кейін ғана қорытындылар мен шешімдердің негізіне алынуы мүмкін. Сондай-ақ, «бөтен адамдардың сөздері» санатындағы туынды дәлелдемені дәлелдемелік базаға енгізген жағдайда, сот айғақ беретін адамның хабардар болуының қайнар көздерін белгілеуі, дәлелдемені басқа адамның сөздерінен алу мән-жайларын бағалауы, сөздерінен ақпарат айтылатын дереккөздің сенімге лайық екендігін тексеруі, айтылған ақпараттың дұрыстығын және оны қайта айту кезінде бұрмалау мүмкіндіктерін бағалауы тиіс»[85, 237-б.].

ҚПК-нің 372-бабында қарастырылған куәнің айғақтарын жария ету «айғақтарды сақтауға қою» болып табылмайды, өйткені айыпталушыға қарсы сұрақ қою мүмкіндігін беретін норманы қамтамасыз етпейді және қылмыстық іс бойынша «бөтен адамдардың сөздерінен» - Hearsay басқа ештеңе емес.

Осы ретте, «айғақтарды сақтауға қою» және сотта Hearsay айғақтарын пайдаланудың рұқсат етілген жағдайларында нормалардың бәсекелестігі туындауы мүмкін. Бұндай жағдайларда айыпталушының айғақ берушілерге қарсы сұрақ мүмкіндігін ескере отырып, «айғақты сақтауға қою» нормасына басымдық беру қажет.

Қылмыстық процестің әрбір түрі белгілі бір дәлелдеу жүйесімен сипатталады.

Ресейлік және қазақстандық дәлелдеу теориясы барлық үш (заңды; ішкі сеніммен еркін бағалау; англо-саксондық) әлемдік дәлелдеу теориясына негізделген. Аталған елдерде қылмыстық процестің ерекшелігі тек дәлелдемелерді бағалауға қатысты ішкі сенімге негізделген дәлелдеу еркіндігі

принципі қатаң сақталуда. Ал дәлелдемелерді жинау тәртібі процестік нормаларда бекітілген.

Осы себептен, сот ісін жүргізуде тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығын қамтамасыз ету, істің мән-жайларын жан-жақты, объективті зерделеу, оны жеделдету және жеңілдету, сондай-ақ әділ шешімдер қабылдау үшін екі ел арасындағы Келісімге «айғақтарды сақтауға қою» институтын енгізу қажет деп ойлаймыз.

Одан басқа, «Байқоңыр» кешенінің аумағында ҚР және шетел азаматтарына қатысты РФ құқық қорғау органдары жүргізіп жатқан тергеу әрекеттеріне объективті себептерге (РФ заңнамасы бойынша әділет органдарында тіркеуден өтпеуі, екі елдің арасында жасалған Келісімде көрсетілмеуі) байланысты отандық адвокаттар қорғаушы ретінде қатыса алмайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында және 16-бабының 3-тармағында танылған және оған кепілдік берілген және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 26-бабында көзделген қылмыстық процесс қағидаттарының бірі болып табылатын қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның және ақталғанның қорғалуға құқығы бар.

Қорғануға құқығы бар куәгердің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның, ақталғанның қорғану құқығы - күдікті теріске шығаруды немесе жауаптылық пен жазаны жеңілдетуді, сондай-ақ ақталған адамға қатысты - заңсыз ұстаудан, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарудан, бұлтартпау шарасын қолданудан, сотқа беруден және заңсыз сотталудан келген зиянды өтеуге бағытталған, заңда көрсетілген барлық процестік мүмкіндіктердің жиынтығын білдіреді.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың қорғануға құқығы бар куәгердің күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның, ақталғанның қорғану құқығын қылмыстық процестің басқа да принциптерімен

бірге қамтамасыз етуі - істі әділ талқылаудың және ол бойынша дұрыс шешім қабылдаудың кепілі болып табылады. Сондықтан қорғану құқығын бұзушылық ҚПК-нің 9-бабында көрсетілген салдарға әкеп соғуы мүмкін.

Қорғаушы ретінде адвокат қатысады, сондай-ақ тек адвокатпен қатар қорғаушылар ретінде іске қатысуға құқығы бар ҚПК 66-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдар жіберілуі мүмкін.

Күдікті (қорғауға құқығы бар куә, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам) қорғау үшін бірнеше адвокатты қорғаушы ретінде шақыруға құқылы. Адвокатпен (бірнеше адвокатпен) қатар оны қорғауды ҚПК 66-бабының екінші бөлігінде аталған адамдардың біреуі ғана қосымша жүзеге асыра алады. Егер бірнеше адам қорғаушы ретінде әрекет еткісі келсе, онда олардың ішінен қорғаушыны таңдау өзіне тиесілі.

Адвокат куәлігін және қорғау туралы жазбаша хабарламаны көрсеткен кезде, іске адвокат тиісті адамды қорғаушы ретінде кіріседі. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттіктерін растайтын өзге құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

ҚПК 66-бабының екінші бөлігінде санамаланған басқа адамдар өздерінің қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысу құқығын растайтын құжаттарды (неке туралы куәлікті, қорғалуға құқығы бар куәмен, күдіктімен, айыпталушымен, сотталған адаммен, ақталған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжатты, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың шешімдерін) ұсынады.

Шетелдік адвокаттар қорғаушылар ретінде тек ҚР тиісті мемлекеттермен өзара келісілген халықаралық шарттарының негізінде ғана қатыса алады.

Өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке куәлікпен, адвокаттың мәртебесін куәландыратын құжатпен, сондай-ақ адвокат пен қорғалуға құқығы бар куәгердің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның, ақталғанның арасындағы заң көмегін көрсету туралы келісіммен расталуға тиіс.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдар ҚПК-нің 67-бабында көрсетілген жағдайларда қорғаушының міндетті түрде қатысуы туралы заң талабын қатаң түрде орындаулары қажет. Аталған норманың сақталмауын іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзушылық деп қарастырып, ал жиналған материалдар дәлелдемелік күші жоқ деп танылуы мүмкін.

Қорғануға құқығы бар куәгердің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның, ақталғанның қорғану құқығының бұзылуын тек қорғаушыны бермеу ғана емес, сондай-ақ олардың процестік құқықтарын, атап айтқанда, ана тілі немесе басқа білетін тілді пайдалану, түсініктеме беру, айғақтар ұсыну, дәлелдеме келтіру, өтініш мәлімдеу, дәлелдемелерді зерттеу және сот жарыссөзіне қатысу, соңғы сөз сөйлеу, қылмыстық процесті жүргізетін органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану және т.б. құқықтарын шектеуі де қорғану құқығын бұзушылық деп танылуы мүмкін екендігін ескерген жөн.

Қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның, олардың қорғаушыларының қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысқанына-қатыспағанына карамастан, оларға тиесілі барлық қорғану құқықтары сақталады және осы құқықтардың шектелуі немесе кемсітілуі қорғану құқығын бұзушылық болып табылады.

Осыған байланысты ұлттық заңнамада «айғақтарды сақтауға қою» тәжірибесін кеңейту керек. Мәселен, осы институт арқылы адвокаттың оқиға болған жерді, заттарды, құжаттарды тергеу судьясының қарауына бастамашылық етуі мүмкін деген теориялар бар.

Қарастырылып отырған институттың одан әрі дамуы қорғаушының тиісті дәлелді негіздеме болған жағдайда істі қарау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды әртүрлі ұйымдар немесе кәсіпорындардың (соның ішінде, «Байқоңыр» кешенінде жұмыс істейтін РФ ұйымдары мен кәсіпорындары) ұсынуына сот бұйрығын алуды көздейтін рәсімнің заңнамалық тұрғыдан

бекітілуіне жағдай жасайды. Бұл, бір жағынан, қорғаушының беделін қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан, қорғаушы тараптың іс бойынша дәлелдемелерді жинау және ұсыну құқығына толық кепілдік береді деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, «Байқоңыр» кешенінің аумағына РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруы кезінде уақытша жұмыс істеуге іссапармен келген жәбірленушілер мен куәлардың тұрғылықты жері ҚР аумағынан тыс жерде болуына байланысты олардан кейіннен ҚР заңнамаларына сәйкес қылмыстық жауаптылықты ескерте отырып, іс үшін маңызы бар жауап алу мүмкіндіктерінің шектелуіне қатысты тәжірибеде көптеген проблемалық мәселелер кездеседі.

Бұл мәселені шешу үшін заңнамалық тұрғыдан өзгерістер мен толықтырулар талап етіледі, атап айтқанда Мемлекетаралық келісімнің 2-бабында:

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қажет болған жағдайда Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары кейіннен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен жалғастырылатын өздері тергеп жатқан қылмыстық істер бойынша прокурордың немесе адвокаттың өтінішхаты негізінде куәдан, жәбірленушіден Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес айғақтарды сақтауға қою мақсатында тергеу судьясымен алынатын жауаптардың қамтамасыз етілуіне құқықтық көмек көрсетеді.».

ҚР ҚПК-нің 217-бапта:

1-бөлік «адамнан» деген сөзден кейін ««Байқоңыр» кешенінің аумағындағы Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарымен басталған тергеу әрекеттері» деген сөздермен толықтырылсын;

600-3-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айғақтарды сақтауға қою кезінде іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокат, сондай-ақ жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокат тиісті дәлелді негіздеме болған жағдайда істі қарау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды әртүрлі ұйымдар немесе кәсіпорындардың (соның ішінде «Байқоңыр» кешенінде қызметін жүзеге асыратын Ресей Федерациясының ұйымдары мен кәсіпорындары) ұсынуына және (немесе) оқиға болған жерді, заттарды, құжаттарды тергеу судьясының қарауына бастамашылық жасап өтінішхат білдіруге құқылы.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген өтінішхат тергеу судьясымен қанағаттандырылған жағдайда меншік нысанына қарамастан, барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы міндетті сот бұйрығы шығарылады.».

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысында жалға берілген аймақта қылмыстық қудалауды жалғастыру бойынша Мемлекетаралық келісім талаптарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жалға алған мемлекеттің (РФ) заңнамасымен басталған қылмыстық қудалауды ұлттық заңнамамен жалғастыру мәселелері қарастырылды.

ҚР мен РФ Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімге, қолданыстағы ұлттық заңнамаға талдау жүргізіліп, бірқатар ғалымдардың еңбектері зерделенді.

Қылмыстық қудалауды жалғастыру мәселелеріне («Байқоңыр» кешенінің аумағында) қатысты жүргізілген зерттеу жұмысын аяқтай отырып, РФ мен ҚР Үкіметі арасындағы келісім шарт пен қылмыстық-процестік заң нормаларын жетілдіруге бағытталған жүйелі ұсынымдар кешенін тұжырымдаймыз.

Аталған тақырыпқа қатысты қылмыстық-процестік заң нормаларының мазмұнын зерделей отырып, проблемалық мәселелеріне тоқталдық. Сондай-ақ, халықаралық шарт пен қылмыстық-процестік заңға қатысты ғылымдағы ұстанымдарды талдай отырып, РФ жалға берілген аймақта халықаралық шарттың орындалуын және қылмыстық қудалаудың орбитасына түскен адамдардың субъективтік құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қатысты өзіндік көзқарасты қалыптастырдық.

«Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруын егжей-тегжейлі ашып көрсету үшін дәлелдеу институтының қалыптасуы мен дамуынан бастап, қылмысқа қарсы күрес пен жаза тағайындаудағы маңыздылығын ескере отырып, жекелеген пікірталас мәселелеріне назар аударып, халықаралық және қылмыстық-процестік нормаларға талдау жүргіздік.

Тарихқа шолу жүргізу арқылы әдебиеттерде көрсетілген дәлелдеу

институтының үш жүйесіне (1)формальды немесе заңды дәлелдеу теориясы; 2)дәлелдемелерді ішкі сеніммен еркін бағалау теориясы; 3)англо-саксондық дәлелдеу теориясы), Қазақстандағы қылмыстық сот ісін жүргізудің даму кезеңдеріне тоқталып, бұрын осы мәселеге қатысты РФ мен ҚР заң нормалары арасындағы сабақтастықты қарастырдық.

Мемлекетаралық келісім ді толыққанды жүзеге асырылуына кедергі келтіретін себептердің бірі заңдық түсіндірлемелердің жоқтығы және дәлелдеу субъектілерінің ішкі сенімінің қалыптасу ерешеліктері секілді кемшіліктер анықталды. Сол себепті, «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда заң нормаларын біркелкі қолдану үшін ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы қабылдануы қажеттігін негіздеп көрсеттік.

Сонымен қатар, ұлттық заң нормаларында қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау бойынша негізгі конвенциялық институттар барынша қамтылған.

Десек те, «Байқоңыр» кешенінің аумағында ҚР ҚПК-де көрініс тапқан қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау бойынша нормаларды қолдану мүмкіндігі шектелген. Бұл кедергілерді жою үшін заңның тұлғалар арасында әрекетіне қатысты ұлттық заңнаманың нормасына өзгерістер енгізу қажет. Осыған байланысты ҚР ҚПК-нің 6-бабында:

- 3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. «Байқоңыр» кешенінің аумағында сот ісін жүргізудің ерекшеліктері осы Кодекстің 61-1-тарауына сәйкес айқындалады.».

121-баптың 1-бөлігі «бойынша» деген сөзден кейін «немесе ерекше жағдайда 61-1-тарауды басшылыққа алу негізінде» деген сөздермен толықтырылсын.

61-1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«61-1-тарау. «Байқоңыр» кешенінің аумағында Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалауды жалғастыру».

600-1-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыру кезінде Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары өз елінің заңнамасына сәйкес оқиға орнын, жергілікті жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде табылған тінту, алу, тергеу экспериментінің аудио- және (немесе) бейнебақылаулары, сондай-ақ басқа тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұйымдар және азаматтар ұсынған нәрселер осы Кодекстің 220-бабының қағидалары бойынша қарап-тексерілуге жатады.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. «Байқоңыр» кешенінің аумағында ресейлік құқық қорғау органдары жүргізіп жатқан тергеу әрекеттері кезінде өзара келісім негізінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қылмыстық істер бойынша айғақтарға қарап-тексеру жүргізіп, нәтижелерін сақтауға қоюға құқылы.».

3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары жүргізген тергеу әрекеттері нәтижесінде табылған және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен қарап-тексерілген айғақтар осы Кодекстің 118-бабының қағидаларында көрсетілген жағдайларда заттай дәлелдемелер деп танылады.».

Бұдан әрі бізбен «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда туындаған проблемалық мәселелердің орын алу себептері, салдары талданып, оның қылмыстық-процестік заңнамалық сипаттамасы әзірленді. Онда РФ мен ҚР дәлелдемелерді жинау және бағалау қатысты ерекшеліктер туралы деректер қамтылды.

ҚР мен РФ қылмыстық-процестік кодекстерінде дәлелдемелердің мақсаты қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау болғандықтан зерттеуімізде бұл бағытқа ерекше көңіл бөлдік. Өйткені, олар жазаны дұрыс саралау, дараландыру, дәлелдеу процесінде азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің заңды

құқықтары мен мүдделерін қорғау кепілдіктерін қамтамасыз етудегі құқықтық маңызы ерекше орынды иеленеді.

Нәтижесінде, Қазақстан заңнамасында құқықтар мен бостандықтарды сот арқылы қорғауды әділ және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңнамалық кепілдіктер бар екендігі анықталды.

Бұндай кепілдіктердің бірі болып қылмыстық істердің заңмен бекітілген соттылығы бойынша қаралуы танылады. Десек те, отандық қылмыстық-процестік құқығында анықталған соттылықтың түрлерінің (тектік (пәндік), аумақтық, дербес, балама (жағдайларға қатысты) ішінде жалға берілген аумақта орын алған қылмыстарға қатысты соттылық айқындалмаған.

Осы себептен, қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтарын толыққанды жүзеге асыру үшін ҚПК-де соттылықтың уақытша-аумақтық ұғымын айқындау арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет деп ойлаймыз.

Нақтылағанда, 600-2-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Байқоңыр қалалық соты бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет етеді және «Байқоңыр» кешенінде, Қармақшы ауданының Төретам, Ақай ауылдық округтарының аумағында орын алған барлық қылмыстық істер, егер олардың соттылығы осы Кодексте көзделген жағдайларда өзгертілмеген болса, осы соттың соттылығына жатады.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер қылмыстық құқық бұзушылық «Байқоңыр» кешенінің аумағында басталып, басқа соттың қызметі жерінде аяқталса, істі тергеп-тексеру аяқталған жерінің соттылығына қарамастан, Байқоңыр қалалық сотының соттылығына жатады.».

3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілгендерді қоспағанда, соттылық туралы мәселе жалпы тәртіпте реттеледі.».

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің нормалары толыққанды жүзеге асырылуына жеткіліксіз болып тұрған келесі мәселе криминалистикалық фотосуретті, аудио-бейнежазбаны дәлел ретінде тануды қамтамасыз ететін, сол арқылы тергеу және анықтау органдарының жұмысында визуализацияны қолданудың тиімділігін арттыратын екі ел арасында жасалған Келісімге және қылмыстық-процестік заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуге тоқталдық. Өйткені, 2014 жылы қабылданған ҚР ҚПК-нің талаптарына сәйкес қылмыстарды ашу жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерінен алынып тасталып, тергеушінің қолында қылмыс тіркелген кезден бастап дәлелдемелерді жинауды көздейтін заңдық нормалар қалыптасты. Ал, РФ қылмысты ашу ескі тәртіппен жедел-ізвестіру қызметінің субъектілеріне жүктелген. Осы екі ел заңнамаларының бір-бірімен сәйкес келмеуін шешу мақсатында жүргізілген зерделеу жұмыстары барысында тіркеудің цифрлық тәсілдерін нормативтік-құқықтық реттеу, оларды процестік рәсімдеу және қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер ретінде танудың проблемалық мәселелері қарастырылып, тұжырымдама жасадық.

Нақтылағанда, тәжірибеде ҚР ҚПК-нің 4-бабы (*ҚР аумағында шет мемлекеттің қылмыстық-процестік құқығын қолдану*) толыққанды жүзеге асырылмауы және «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастыруда күдіктілер тарапынан туындаған күмәнді, даулы мәселелердің көп жағдайда шешімінің таппауы РФ құқық қорғау органдарының жүргізген күттірмейтін тергеу әрекеттерінің аудио- және (немесе) бейнебақылауға түсірілмеу себебінен орын алуда. Осындай күмәнді, даулы мәселелер заң нормаларына өзгерістер мен толықтарулар енгізу арқылы шешіледі деп ойлаймыз:

Мемлекетаралық келісімнің 5-бабында:

- 1-бөлік «шұғыл» деген сөзден кейін «аудио- және (немесе) бейнебақылауға түсіру арқылы» деген сөзімен толықтырылсын;
- 3-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қылмыс жасаған адам анықталмаған жағдайда Тараптардың құзыретті органдары қылмыстың іздерін бекіту, оны жасаған адамды анықтау және ұстау жөніндегі шараларды бірлесіп айқындайды.».

Одан басқа, РФ мен ҚР ҚПК-нің міндеттері мен мақсаттарына тоқталдық. Сонымен қатар, қылмыстық-процестік заңның мемлекет және конституциямен арақатынасын қарастырдық.

Әрі қарай, адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттардың түсінігі мен мәнін анықтадық. Себебі, халықаралық стандарттар көптеген мемлекеттер мойындаған құқықтар мен бостандықтардың тізбесін тек бекітіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың көлемін және іске асыруға қойылатын талаптардың ең төменгі деңгейін белгілейді және қорғайды. Сондықтан, адам құқықтары саласындағы стандарттар категориясына қатысты көзқарасымызды білдірдік.

Зерттеу жұмысының аясында халықаралық құқық контексіндегі құқықтық санаға адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын абсолютті тану арқылы қол жеткізуге болатындығын тұжырымдадық. Демек, егер әрбір мемлекетте адам мен азаматтың құқықтары ең жоғары құндылық болып табылса, халықаралық немесе мемлекетаралық құқықтық сана тиісті түрде қалыптасады.

«Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдары бастаған қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруда дәлелдемелерді жинау бойынша процестік нормаларды қолдануда әртүрлі тәжірибелер мен заңнамалық базалар болуына байланысты қылмыстық қудалау орбитасына түскен адамдардың құқықтарын қорғау мәселесі жағдайды күрделендіруіне байланысты бірлескен процестік әрекеттерді реттейтін халықаралық шарттардың және заң нормаларының қажеттігіне тоқталдық.

РФ мен АР арасындағы 1997 жылғы АР аумағында Ресей әскери базасының болуымен байланысты істер бойынша юрисдикция және өзара құқықтық көмек мәселелері жөніндегі келісім зерделеніп, онда көрсетілген

нормалардың адам құқықтарын сақтаудағы ерекшелігі ескеріліп, «Байқоңыр» кешенінің аумағындағы ұқсас қатынастарды реттеуде қолдану ұсынылды.

Конституциямен кепілдік берілген құқықты қамтамасыз ету мақсатында соттылық мәселесіне тоқталдық. Себебі, процесік заңнамаларда адам құқықтары нақты соттылықты анықтайтын ережелер арқылы жүзеге асырылады және оны субъективтік көзқарас арқылы өзгертуге жол берілмейді. Зерттеу жұмысымен «Байқоңыр» кешенінің аумағы Қызылорда облысының екі ауданында орналасуына байланысты Қазақстандық қылмыстық-процестік құқығындағы соттылықтың түрлеріне (тектік, аумақтық, дербес, балама) сәйкес келмеуі себебінен қосымша «соттылықтың уақытша-аумақтық» ұғымын енгізу қажет деген ұсынымызды тұжырымдадық.

Сонымен қатар, қылмыстық қудалау орбитасына түскен адамдардың Конституцияда көрсетілген сот арқылы қорғану құқығын анықтадық. Себебі, тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі сот бақылауы қылмыстық процеске қатысушылардың және басқа да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заң бұзушылықтарды қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім (үкім) қабылдамай тез және тиімді жоюға мүмкіндік беруі керек. Осы себептен заңнамалық реттеу механизмдері ұсынылды.

«Байқоңыр» кешенінің аумағында ҚР құқық қорғау органдарымен кінәсездік презумпциясын қамтамасыз етілу деңгейін қарастырдық. Өйткені, екі ел арасында жасалған Келісімнің талаптарына сәйкес ҚР құқық қорғау органдары аталған кешен аумағында күттірмейтін *оқиға болған жерді қарау, айғақ заттарды алу, тінту түріндегі тергеу әрекетін* жүргізе алмайды. Бұған қатысты мәселені тиімді түрде шешу жолын ұсындық.

Бұдан кейін қорғануға құқығы бар куәларға келтірілетін залалдарды өтету мәселелерін анықтап, тұжырымдама жасадық.

«Байқоңыр» кешенінде аумағына тергеліп жатқан қылмыстық істер бойынша «айғақтарды сақтауға қою» институтына тоқталдық. Себебі, тәжірибеде көрсетілген кешенге уақытша жұмыс істеуге іссапармен келген

куәлар мен жәбірленушілердің тұрғылықты жері ҚР аумағынан тыс жерде болуына байланысты көптеген проблемалық мәселелер орын алуда. Сонымен қатар, «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдарымен ҚР және шетел азаматтарына қатысты (РФ азаматынан басқа) тергеліп жатқан қылмыстық істерге отындық адвокаттар объективтік себептерге байланысты қатыса алмауына байланысты Мемлекетаралық келісім де «айғақтарды сақтауға қою» институтын енгізу өзектілігін негіздеп көрсеттік.

Нақтылағанда, «Байқоңыр» кешенінің аумағына РФ құқық қорғау органдарынан жолданған қылмыстық істерді ҚР құқық қорғау органдары жалғастыруы кезінде уақытша жұмыс істеуге іссапармен келген жәбірленушілер мен куәлардың тұрғылықты жері ҚР аумағынан тыс жерде болуына байланысты олардан кейіннен ҚР заңнамаларына сәйкес қылмыстық жауаптылықты ескерте отырып іс үшін маңызы бар жауап алу мүмкіндіктерінің шектелуіне қатысты тәжірибеде көптеген проблемалық мәселелер кездеседі.

Бұл мәселені шешу үшін заңнамалық тұрғыдан өзгерістер мен толықтырулар талап етіледі, атап айтқанда, Мемлекетаралық келісімнің 2-бабында:

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қажет болған жағдайда Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары кейіннен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен жалғастырылатын өздері тергеп жатқан қылмыстық істер бойынша прокурордың немесе адвокаттың өтінішхаты негізінде куәдан, жәбірленушіден Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес айғақтарды сақтауға қою мақсатында тергеу судьясымен алынатын жауаптардың қамтамасыз етілуіне құқықтық көмек көрсетеді.».

ҚР ҚПК-нің 217-бапта:

1-бөлік «адамнан» деген сөзден кейін ««Байқоңыр» кешенінің аумағындағы Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарымен басталған тергеу әрекеттері» деген сөздермен толықтырылсын;

600-3-бапта:

1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айғақтарды сақтауға қою кезінде іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокат, сондай-ақ жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокат тиісті дәлелді негіздеме болған жағдайда істі қарау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды әртүрлі ұйымдар немесе кәсіпорындардың (соның ішінде «Байқоңыр» кешенінде қызметін жүзеге асыратын Ресей Федерациясының ұйымдары мен кәсіпорындары) ұсынуына және (немесе) оқиға болған жерді, заттарды, құжаттарды тергеу судьясының қарауына бастамашылық жасап өтінішхат білдіруге құқылы.»;

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген өтінішхат тергеу судьясымен қанағаттандырылған жағдайда меншік нысанына қарамастан, барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы міндетті сот бұйрығы шығарылады.».

Байқоңыр қаласының прокуроры зерттеу нәтижесіндегі ұсыныстарымыздың практикаға бағытталғандығын және алдағы уақытта заң шығармашылық қызметте маңыздылығын ескеріп, Қызылорда облысы прокурорының атына қызметтік хат жолдады.

Сондай-ақ, «Байқоңыр» кешенінің аумағында РФ құқық қорғау органдары бастаған қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалауды жалғастыруға баға беру мәселелерін және бізбен ұсынылып жатқан кейбір тұжырымдамаларымыз бойынша тәжірибе қызметкерлерінің пікірін анықтау мақсатында анонимді сауалнама жүргізіліп, нәтижелері пайыздық көрсеткішпен баяндалды.

Ұсынылған өзгерістер сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тиімділігін арттырып қана қоймай, айыптау, қорғау тараптарының дәлелдемелік базасын кеңейтеді және тергеу әрекеттеріне қатысатын барлық адамдар құқықтарының сақталуына кепілдік береді деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Байқоңыр» кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс қимылдары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы келісімді және 1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы №98 Қаулысы / [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ : [сайт]. — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000098_ (жүгінген күні: 01.03.2023).

2. Жиенкожаев, Б.М. «Байқоңыр» кешенінің аумағында қылмыстық қудалауды жалғастырудағы құқықтық реттеу мәселелері / Б.М. Жиенкожаев [Текст] // Ө.С. Сейтовтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Қосшы: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2023. — 476-б.

3. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсан №329-І Заңы. / [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ: [сайт]. — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000329_ (жүгінген күні: 01.03.2023).

4. Быков, В.М. Правовые основания и условия производства следственных действия по УПК РФ [Текст] / В.М. Быков // Актуальные проблемы экономики и права. — 2007. — № 1. — С. 150-158.

5. Боруленков, Ю. П. Допустимость доказательств: время перемен? [Текст] / Ю. П. Боруленков // Уголовное судопроизводство. — 2013. — № 3. — С. 13-18.

6. «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысы. / [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ: [сайт]. — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000004S_ (жүгінген күні: 01.03.2023).

7. Жанибеков, А.Қ. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында дәлелдемелерді бағалаудың теориялық және тәжірибелік мәселелері [Текст] / Жанибеков А.Қ. — монография. — Алматы: Қазақ университеті, 2017 — 180-б.

8. Спасович, В.Д. О теории судебно-уголовных доказательств в связи с судоустройством и судопроизводством / Спасович В.Д. [Электронный ресурс] // Архив открытого доступа Санкт-Петербургского государственного университета: [сайт]. — URL: <http://hdl.handle.net/11701/19036> (дата обращения: 03.03.2023).

9. Лупинская, П.А. Уголовно-процессуальное право Российской Федерации [Текст] / Лупинская, П.А. — учебник. — М.: Юрист, 2006 — 815 с.

10. Семеняко, Е. В. Участие защитника в доказывании по новому уголовно-процессуальному законодательству [Текст] / Е. В. Семеняко — практическое пособие. — М., 2004.

11. Головкин, Л. В. Курс уголовного процесса [Текст] / Л. В. Головкин — М.: Статут, 2016.

12. Томин, В. Т. Профессорская лекция [Текст] / В. Т. Томин // Российский криминологический взгляд. — 2007. — № 1. — С. 116.

13. Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства. Т. II. Изд. 3, пересмотр. и доп. СПб., 1910 / Фойницкий И.Я. [Электронный ресурс] //

Классика российского права: [сайт]. — URL: <http://civil.consultant.ru/reprint/books/292/382.html> (дата обращения: 01.03.2023).

14. Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ. / [Электронный ресурс] // «Әділет» АҚЖ : [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480/info> (жүгінген күні: 01.03.2023).

15. Черняков, А. А. Социально ориентированное законодательство – цель правового государства [Текст] / А. А. Черняков // Начные труды «Адилет». — 2001. — № 1 (9). — С. 47-60.

16. Баймаханов, М. Т. Влияние Конституции на соотношение международного и национального права / М. Т. Баймаханов [Текст] // Право Европейского Союза: материалы 5 Международного Летнего Юридического Университета . — Алматы: АЮ – ВШП «Адилет», Фонд «Сорос-Казахстан», 2001. — С. 102.

17. Сапарғалиев, Г. С. Правовые проблемы унитаризма в Республики Казахстан [Текст] / Г. С. Сапарғалиев. — Алматы: Жеты Жарғы, 2000 — 312 с.

18. Вестник Конституционного Совета Республики Казахстан Вып. 5. Астана, 2002 г. С.114-119.. — 2002. — № 5. — С. 114-119.

19. Коғамов, М. Ч. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан (Общая часть) [Текст] / М. Ч. Коғамов. — Алматы: Жеті Жарғы, 2015 — 51-54 с.

20. Дмитриев, Ю. А., Казьмин, И. Ф., Лазарев, В. В., Лейст, О. Э., Мицкевич, А. В., Оксамытный, В. В., Пиголкин, А. С., Рахманина, Т. Н., Саидов, А. Х., Студеникина, М. С., Сырых, В. М. Общая теория права [Текст] / Ю. А. Дмитриев, И. Ф. Казьмин, В. В. Лазарев, О. Э. Лейст, А. В. Мицкевич, В. В. Оксамытный, А. С. Пиголкин, Т. Н. Рахманина, А. Х. Саидов, М. С. Студеникина, В. М. Сырых — Под общ. ред. Пиголкина А.С. – 2-ое изд., испр. и доп.. — М.: МГТУ им. Н.Э. Баумана, 1996 — 268-274 с.

21. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы / [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ: [сайт]. — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүгінген күні: 01.03.2023).

22. Марченко, М. Н. Теория государства и права [Текст] / М. Н. Марченко — Учебник. — М., 1996 — 313 с.

23. Хропанюк, В. Н. Теория государства и права [Текст] / В. Н. Хропанюк — Учебное пособие для высших учебных заведений / Под ред. Срекозова В.Г.. — М., 1995 — 267 с.

24. Международное право [Текст] / Учебник. Изд. 2-ое, доп. и перераб. / Отв. ред. Колосов Ю.М., Кузнецов В.И.. — М., 1998 — 90 с.

25. Об утверждении Основ уголовного судопроизводства Союза ССР и союзных республик: Закон СССР от 25.12.1958 г. (в ред. от 28.11.1989 г.) / [Электронный ресурс] // КонсультантПлюс: [сайт]. — URL: <https://perviy-vestnik.ru/literatura/> (дата обращения: 01.03.2023).

26. Уголовно-процессуальный кодекс РСФСР 1923 г. / [Электронный ресурс] // Музей истории российских реформ имени П.А. Столыпина: [сайт]. — URL: <http://museumreforms.ru/node/13986> (дата обращения: 01.03.2023).

27. Об утверждении УПК Казахской ССР: Закон Казахской ССР от 22 июля 1959 г. [Текст] // Ведомости Верховного Совета и Правительства Казахской ССР. — 1959. — № 22-23.

28. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексін күшіне енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №207 Заңы / [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ: [сайт]. — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000207_ (жүгінген күні: 01.03.2023).

29. «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығы / [Электрондық

ресурс] // «Әділет» АҚЖ: [сайт]. — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100001039_ (жүгінген күні: 01.03.2023).

30. Миланский план действий [Текст] // Советская юстиция. — 1992. — № 15-16. — С. 35.

31. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі / [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ: [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 01.03.2023).

32. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы / [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ: [сайт]. — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_ (жүгінген күні: 01.03.2023).

33. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 4 шілдедегі № 233-V ҚРЗ / [Электрондық ресурс] // «Әділет» АҚЖ: [сайт]. — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000233> (жүгінген күні: 01.03.2023).

34. Французская Республика: Конституция и законодательные акты [Текст] /— Перевод с французского. — М.: Прогресс, 1989 — 26-29 с.

35. Ульянова, Л. Т. Предмет доказывания и доказательства в уголовном процессе России [Текст] / Л. Т. Ульянова — Учебное пособие. — М.: Издательский Дом «Городец», 2008. — 21 с.

36. Михайловская, И. Б. Настольная книга судьи по доказыванию в уголовном процессе [Текст] / И. Б. Михайловская. — М.: ТК Велби, Издательство Проспект, 2006 — 192 с.

37. Пашин, С. А. Проблемы доказательственного права [Текст] / С. А. Пашин — Судебная реформа: юридический профессионализм и проблемы юридического образования. Дискуссии. — М., 1995 — 312 с.

38. Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации от 18 декабря 2001 г. № 174-ФЗ / [Электронный ресурс] // КонсультантПлюс : [сайт]. — URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34481/ (дата обращения: 01.03.2023).

39. Бедняков Д. И. Непроцессуальная информация и расследование преступлений [Текст] / Бедняков Д. И. — М.: Юрид. лит., 1991 — 208 с.

40. Громов, Н. А., Курушин, С. А. Гарантии права на защиту обвиняемых в досудебных стадиях по УПК РФ [Текст] / Н. А. Громов, С. А. Курушин — Учебно-практическое пособие. — М., 2005 — 3 с.

41. Багаутдинов, Ф. Н. Обеспечение публичных и личных интересов при расследовании преступлений [Текст] / Ф. Н. Багаутдинов. — М., 2004 — 53 с.

42. Витрук, Н. В. О юридических средствах обеспечения реализации и охраны прав советских граждан [Текст] / Н. В. Витрук // Правоведение. — 1964. — № 4. — С. 29.

43. Добровольская, Т. Н. Гарантии прав граждан в уголовном судопроизводстве [Текст] / Т. Н. Добровольская // Советское государство и право. — 1980. — № 2. — С. 133.

44. Яковлева, Л. В. Источники уголовно-процессуального права [Текст] / Л. В. Яковлева. — Краснодар: 2002 — 115 с.

45. Шипилицина, В. В. Обеспечение прав граждан в стадии возбуждения уголовного дела: Автореферат на соискание кандидата юридических наук / Шипилицина, В. В. — Краснодар, 2010. — 17 с.

46. Всеобщая декларация прав человека. Принята и провозглашена резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 [Текст] // Российская газета. — 05.04.1995. — С. 7.

47. Международный пакт о гражданских и политических правах. Принят резолюцией 2200А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 г. / [Электронный ресурс] // КонсультантПлюс: [сайт]. — URL:

https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_5531/ (дата обращения: 01.03.2023).

48. Арсеньев, В. Д. Вопросы общей теории судебных доказательств [Текст] / В. Д. Арсеньев. — М.: Юрид. лит., 1964 — 179 с.

49. Строгович, М. С. Курс советского уголовного процесса [Текст] / М.С. Строгович. — М., 1958.

50. Миньковский, Г.М. Оценка доказательств [Текст] / Г.М. Миньковский — Научно-практический комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РФ / под ред. В.П. Божьева . — М., 1997.

51. Строгович М. С. Предание суду военного трибунала [Текст] / Строгович М. С. — Ашхабад: Воен.-юрид. акад. РККА, 1942 — 73 с.

52. Порцева О. Б. Подсудность уголовных дел: Автореферат на соискание кандидата юридических наук / Порцева О. Б.; — Ижевск, 2004. — 23 с.

53. Советский уголовный процесс: учеб. пособие для УП факультета [Текст] /— под ред. заслуж. юриста РСФСР, проф., д-ра юрид. наук А. С. Кобликова. — М.: Воен. Краснознам. ин-т, 1989 — 430 с.

54. Гусев Л. Г. Подсудность уголовных дел военным трибуналам: лекция [Текст] / Гусев Л. Г. — М.: Воен.-юрид. акад., 1955 — 24 с.

55. Жиренчин, А. К. О подсудности уголовных дел судам с участием присяжных заседателей [Текст] / А. К. Жиренчин // Наука и новые технологии. — 2012. — № 1. — С. 296.

56. Карташов В. Н Теория государства и права. [Текст] / Карташов В. Н — Начальный курс. . — Кострома: ООО "Костромоиздат", 2000 — 176 с.

57. Матузов Н. И., Малько А. В. Теория государства и права [Текст] / Матузов Н. И., Малько А. В. — Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Юристъ, 2007 — 541 с.

58. Соглашение между Российской Федерацией и Республикой Армения по вопросам юрисдикции и взаимной правовой помощи по делам, связанным с

нахождением российской военной базы на территории Республики Армения / [Электронный ресурс] // КонсультантПлюс: [сайт]. — URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_122217/ (дата обращения: 01.03.2023).

59. Семенов, Б.С. Общепризнанные принципы и нормы международного права: понятия и условия их применения в правовой системе России [Текст] / Б. С. Семенов // Вестник Бурятского государственного университета. — 2011. — № 2. — С. 133-139.

60. Ожегов, С. И. Словарь русского языка [Текст] / С. И. Ожегов — под ред. Н.Ю. Шведовой. — 21-е изд., перераб. и доп.. — М.: Русс. яз., 1989.

61. Оганесян, С. М. Понятие международных стандартов прав человека [Текст] / С. М. Оганесян // Международное публичное и частное право. — 2008. — № 2. — С. 18.

62. Тиунов, О. И. Всеобщая декларация прав человека в нормах международного и конституционного права [Текст] / О. И. Тиунов // Журнал российского права. — 2009. — № 2. — С. 138-139.

63. Будаев, К. А. Защита прав и свобод человека и гражданина – одна из главных задач конституционных (уставных) судов субъектов РФ [Текст] / К. А. Будаев // Конституционное и муниципальное право. — 2009. — № 5. — С. 28; Диноршоев, А. М., Сафаров, Б. А. Формирование идей прав человека в Таджикистане: История и современность [Текст] / А. М. Диноршоев, Б. А. Сафаров — монография. — Волгоград: 2014 — 28 с.

64. Баглай, М. В. Конституционное право РФ [Текст] / М. В. Баглай — учебник для юрид. вузов и фак. . — М.: ИНФРА-М : НОРМА, 1998 — 742 с.

65. Рогожин С. Права человека или идеологическая манипуляция Запада в России [Текст] / Рогожин С. // Московский журнал международного права. — 2001. — № 1. — С. 35.

66. Луковская, Д. И. Понятие прав человека: многообразие подходов. Проблема универсальности прав человека [Текст] / Д. И. Луковская // История государства и права. — 2007. — № 12. — С. 32-36.

67. Международные нормы и стандарты в области прав человека (Учебный курс ООН) [Текст] // Советский журнал международного права. — 1991. — № 2. — С. 28-67.

68. Горшенев В. М. О природе процессуального права [Текст] / Горшенев В. М. // Правоведение. — 1974. — № 2. — С. 45-52.

69. Игнатенко, Г. В. Международное право и общественный прогресс [Текст] / Г. В. Игнатенко. — М.: Международные отношения, 1972 — 25 с.

70. Блищенко И. П. Международное и внутригосударственное право [Текст] / Блищенко И. П. — М.: Госюриздат, 1960 — 237 с.

71. Верещетин В. С., Мюллерсон Р. А. Новое мышление и международное право [Текст] / Верещетин В. С., Мюллерсон Р. А. // Советское государство и право. — 1988. — № 2. — С. 3-9.

72. Адаменко, И. Е. Результаты применения техникокриминалистических средств как источники доказательств в уголовном процессе [Текст] / И. Е. Адаменко // Общество и право. — 2012. — № 3. — С. 230-235.

73. Будников, В. Л. Вещественные доказательства в уголовном судопроизводстве. [Текст] / В. Л. Будников — монография. — Волгоград: Изд. ВолГУ, 2005 — 161 с.

74. Зинченко, И. А. Доказательственное значение фотоснимков, кинолент и видеogramм, прилагаемых к протоколу следственных действий [Текст] / И. А. Зинченко // Вопросы усиления борьбы ОВД с правонарушениями. — М., 1981. — С. 86-87.

75. Бычкова, К. Г. Использование в процессе доказывания материалов аудио- и видеозаписей, полученных при производстве следственных действий [Текст] / К. Г. Бычкова // Молодой учёный. — 2014. — № 17. — С. 23-24.

76. Конвенция Совета Глав Государств Содружества Независимых Государств от 26 мая 1995 года «О правах и основных свободах человека» / [Электронный ресурс] // ИПС «Әділет»: [сайт]. — URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/H950000050_ (дата обращения: 03.03.2024).

77. Итоговый отчет экспертного Форума по уголовному правосудию для Центральной Азии (17–18 июня 2010 г.) Душанбе, 2010. / [Электронный ресурс] // Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе: [сайт]. — URL: <https://www.osce.org/files/f/documents/b/0/81161.pdf> (дата обращения: 27.03.2023).

78. Конституциялық Соттың 2023 жылғы 27 наурыздағы № 6, Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2, 1999 жылғы 29 наурыздағы № 7/2 нормативтік қаулылар / [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты: [сайт]. — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/447287?lang=kk> (жүгінген күні: 01.03.2023).

79. § 3144 Титула 18 Свода законов США (Federal Criminal Code and Rules»/ Title 18 Crime and Criminal Procedure) [Текст] / — West Group, St. Paul, Minn, 2013. – P. 907

80. Criminal Depositions: Preserving Witness Testimony / [Электронный ресурс] // lawyers.com: [сайт]. — URL: <https://legal-info.lawyers.com/criminal/criminal-law-basics/criminal-depositions-preserving-witness-testimony.html> (дата обращения: 01.03.2023).

81. Шейфер, С. А. Следственные действия [Текст] / С. А. Шейфер // Система и процессуальная форма. — М., 2001.— С. 60.

82. Воскобитова, Л. А. Состязательность: две концепции участия адвоката в доказывании: монография [Текст] / Л. А. Воскобитова — Теория уголовного процесса: состязательность / Под ред. Н.А. Колоколова. Ч. I. — М.: Юрлитинформ, 2013 — 291 с.

83. Александров А. С., Бостанов Р. А. Использование производных доказательств в уголовном процессе. [Текст] / Александров А. С., Бостанов Р.А. — М.: Юрлитинформ, 2013 — 320 с.; Галяшин Н. В. Показания с «чужих слов» как производные доказательства в уголовном процессе [Текст] / Галяшин Н. В. — монография. — М.: Проспект, 2017 — 176 с.

84. Барабанов П. К. Уголовный процесс Великобритании [Текст] / Барабанов П. К. — М.: Спутник +, 2015 — 467 с.

85. Галяшин, Н. В. Англосаксонская модель производных доказательств (Hearsay) и возможности ее использования в российском уголовном судопроизводстве: специальность 12.00.09.: Автореферат на соискание кандидата юридических наук / Галяшин, Н. В.; — М., 2016. — 237 с.

Қосымшалар